

Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі
Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы

Заң институты

ӘҚ және ПО ӘҚ кафедрасы

Бекітемін
Академия бастығының
оқу ісі жөніндегі орынбасары
полиция полковнигі

З.С. Тоқыбаев

«___» _____ 2016 ж.

Жұмыстық оқу бағдарламасы
(SYLLABUS)

AD OVD 3222 «Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» пәні
бойынша (ерекше бөлім)

Мамандығы: 5B030300 «Құқық қорғау қызметі»

Оқыту нысаны: күндізгі

Барлығы: кредит саны: 2

Семестр: 6

Дәріс: 5 сағат

Семинарлық: 10 сағат

Тәжірибелік: 12 сағат

Рейтингтік бақылаудың саны (МБ): 2

КООЖ: 15

КӨЖ: 45

Емтихан: 6 семестр

Қарағанды 2016

«Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» пәні бойынша
5B030300 «Құқық қорғау қызметі» мамандыққа арналған **жұмыстық оқу**
бағдарламасы (SYLLABUS), _____ бет

Құрастырғандар:

кафедрасының профессоры, з.ғ.к., полиция полковнигі А.В. Карпекин.
кафедрасының аға оқытушысы полиция подполковнигі Е.Т. Қалықов
кафедрасының аға оқытушысы полиция майоры Е.Ж. Тоқтабеков
кафедрасының оқытушысы полиция майоры В.В. Олейник.

ӘҚ және ПО ӘҚ кафедрасының мәжілісінде қарастырылды
«__» _____ 20__ ж., №__ хаттама

Кафедра бастығының м.а. _____ Е.Е. Кашенов

Оқу әдістемеліка кеңестің мәжілісінде бекітілді.
«__» _____ 20__ ж., №__ хаттама

©Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды
академиясы

3.1. Негізгі ақпарат:

1. Шифр және мамандық атауы	AD OVD 3222«ПО әкімшілік қызметі»
2. Курс, семестр	3, 6
3. Пән циклы	БП
4. Кредит саны	2
5. Сабақ өткізу орны	Дәріс залы, аудитория
6. Сабақ өткізетін оқытушылар	Карпекин А.В., ӘҚ және ПО ӘҚ кафедрасының профессоры, полиция полковнигі. Қалықов Е.Т., ӘҚ және ПО ӘҚ кафедрасының аға оқытушысы, полиция подполковнигі. Тоқтабеков Е.Ж., ӘҚ және ПО ӘҚ кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры. Олейник В.В. ӘҚ және ПО ӘҚ кафедрасының оқытушысы, полиция майоры. ӘҚ және ПО ӘҚ кафедрасының мекен жайы: ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы ҚА, № 306, 309 кабинет. Байланыс телефоны: 347, 382.

3.2. Пререквезиттер: бұл курстың басталуына дейін құқықтық және теориялық білімдер қажет, олар оны келесі пәндерді оқып біле алды: Мемлекет және құқық теориясы, ҚР Құқық қорғау органдары, ҚР Әкімшілік құқығы.

3.3. Постреквезиттер: ПО қызметіне прокурорлық қадағалау; қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде криминалдық полиция аппараттарының тергеу бөліністерімен әрекеттестігі; ПО басқарудың негізі.

3.4. Пәнді қысқаша сипаттау: ҚР әкімшілік полициясының қызметтері мен бөліністерінің қызметін ұйымдастыру жағдайлары мен тәртібі, құқықтық негізі, олардың қызметінің нысандары және әдістері, құқық қорғау органдарында қызмет өткеру ерекшелігі туралы курсанттарға керекті білім көлемін ұсыну.

Курстың негізгі міндеттері болып: курс мазмұнын және мәнін ашады:: ішкі істермен басқару; қоғамдық тәртіптің және қоғамдық қауіпсіздіктің; азаматтардың және басқада әкімшілік-құқықтық қатынастардың заңды мүдделерін, бостандықтарын және конституциялық құқығын қорғау; құқық қорғау органдарының бөліністерінің құрлымын, жүйесін және құқықтық

жағдайын; ҚР құқық қорғау органдарында қызмет өткеру тәртібін, принциптерін және құқықтық негізін, сондай ақ құқық қорғау органдарының қызметтерінің және бөліністерінің қызметінің ұйымдастыруын және ерекшелігін.

Қысқаша мазмұны

11 Тақырып. ПО әкімшілік полиция қызметі.

Әкімшілік полиция қызметінің түсінігі, оның негізгі міндеттері мен функциялары.

Қоғамдық қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз ету бойынша әкімшілік полиция қызметінің ұйымдық-құқықтық нысандары (түрлері).

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысушы әкімшілік полиция бөліністерінің және аппараттарының құрылымы мен жүйесі.

Әкімшілік полиция қызметінің функциялары мен міндеттері.

ЖПҚ негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттемелері. ЖПҚ жұмысын ұйымдастыру.

Жергілікті полиция қызметтің функциялары (қоғамдық орындарда тәртіпті сақтау, құқық бұзушылықтың профилактикасы, құқыққа қарсы әрекеттердің жолын кесу, қылмыс ашуға қатысу, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарымен күресу, барлық нысандағы меншіктерді қорғауды қамтамасыз ету, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысушы жұршылықтың өкілдерімен өзара қатынаста және халықпен байланыста болу).

12 Тақырып. Ұсталғандарды, қамауға алынғандарды күзету, ұстау және айдауылдау бойынша полицияның қызметі. ПО арнайы мекемелерінің қызметін ұйымдастыру.

Ұсталғандар мен қамауға алынғандарды күзету, ұстау және айдап апарудың түсінігі.

Ұсталғандар мен қамауға алынғандарды күзету үшін уақытша ұстау изоляторының тағайындалуы (УҰИ). УҰИ жұмысын ұйымдастыру.

УҰИ қабылдау тәртібі мен негізі.

Ұсталғандар мен қамауға алынғандарды айдауылдау. Ұсталғандар мен қамауға алынғандарды айдауылдау тәсілі.

Ұсталғандар мен қамауға алынғандарды УҰИ ұстау шешімі. УҰИ отырған адамдарды күзету.

Ұсталғандар мен қамауға алынғандарды УҰИ босату негізі.

Әкімшілік жолмен қамауға алынғандар үшін бөлмелер.

13 Тақырып. Учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру.

Полиция учаскелік инспекторларының құқықтық жағдайы. ПО (полицияға) жүктелген міндеттерді шешуде олардың ролі.

Жергілікті атқарушы билік органының өкілі ретінде учаскелік полиция инспекторларының құзіретінің жан-жақты сипаты.

Учаскелік полиция инспекторларына әкімшілік учаскені бекіту.

Учаскелік полиция инспекторлары қызметінің ұйымдық құрлымы.

Учаскелік полиция инспекторларын бекітілген учаскеде қызмет бабы үшін бөлмемен, құралдармен, жиһазбен және байланыс құралдарымен, сондай ақ тұрғын үймен қамтамасыз ету.

Әкімшілік учаскенің шекарасын және көлемін қайта қарау мен анықтау.

Учаскелік полиция инспекторларының жұмыс уақыты.

Әкімшілік учаскесінде қоғамдық қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті қорғау бойынша ПО басқа қызметтерімен учаскелік полиция инспекторларының ара қатынасы.

Учаскелік полиция тірегінде учаскелік полиция инспекторларымен қызметтік құжаттарды жүргізу.

Әкімшілік учаскесінде қоғамдық қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті қорғау бойынша учаскелік полиция инспекторларының міндеттері мен құқығы.

Учаскелік полиция инспекторларының жұмысын бағалау өлшемдері.

Қоғамдық қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті қорғау бойынша учаскелік полиция инспекторларының міндеттері мен функциялары. ПО тіркеуде тұрған адамдармен жеке-профилактикалық жұмыс. Қылмыстарды ашуға және тергеуге қатысу.

Ауылдық жерлерде учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру ерекшелігі.

Әкімшілік учаскеде азаматтардың арыздары мен шағымдарын қарау және адамдарды қабылдау бойынша учаскелік полиция инспекторларының жұмысын ұйымдастыру.

14 Тақырып. Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының, қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу мен жолын кесу бойынша ПО-ның жұмысын ұйымдастыру.

Кәмелетке толмағандармен жасалатын құқық бұзушылықтармен және кәмелетке толмағандардың қадағалаусыздығымен күресуде ПО функциялары, міндеттері және құқықтық жағдайы.

Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың жолын кесу, алдын алу бойынша полицияның функциялары мен міндеттері.

Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының жолын кесу, алдын алу әдістері және әкімшілік-құқықтық нысандары.

Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының міндеттері мен құқығы.

Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімдердің жұмысын ұйымдастыру.

Кәмелетке толмағандармен жасалатын әкімшілік құқық бұзушылықтар.

15 Тақырып. ПО көші-қон полициясының қызметін ұйымдастыру.

ПО көші-қон полициясының құқытық жағдайы.

ПО көші-қон полициясының жүйесі мен құрылымы.

Қазақстан Республикасының аумағына шетелдіктердің келу ережесін сақтауына бақылауды жүзеге асыру бойынша ПО көші-қон полициясының функциялары мен міндеттері.

Қоғамдық қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті қорғау бойынша ПО басқа қызметтерімен және бөліністерімен көші-қон полициясының қарым-қатынасы.

Азаматтығы жоқ тұлғалар мен шетелдіктердің ҚР келу ережесі.

Азаматтығы жоқ тұлғалар мен шетелдіктермен ҚР аумағынан транзит арқылы өту ережесі.

ҚР аумағына келген және ҚР аумағында тұрақты тұрып жатқан азаматтығы жоқ тұлғалар мен шетелдіктерді ПО тіркеу тәртібі.

Азаматтығы жоқ тұлғаларға және шетелдіктердің бостандығы мен құқығына қол сұғатын құқық бұзушылықтардың түрлері, оларды қарау және шешу тәртібі.

ҚР аумағында әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін азаматтығы жоқ тұлғалар мен шетелдіктердің жауапкершілік түрлері. Оларға салынатын әкімшілік жазалардың түрлері, сонымен қатар оларды салу тәртібі.

16 Тақырып. Лицензиялық рұқсат ету жұмысын жүзеге асыру бойынша ПО қызметін ұйымдастыру.

Лицензиялық рұқсат беру қызметінің түсінігі және оны жүзеге асыру бойынша полицияның міндеттері.

ПО лицензиялық рұқсат беру жүйесін қамтамасыз етудің ұйымдық нысаны.

Лицензиялық рұқсат беру жүйесін жүзеге асыру бойынша ПО функциялары.

Лицензиялық рұқсат беру жүйесінің объектілері.

Қаруды, оқ-дәрілерді сақтауға, алуға және лицензиялық рұқсат беру жүйесінің басқада объектілеріне лицензия мен рұқсат беру тәртібі.

Лицензиялық рұқсат беру жүйесінің объектілеріне бақылау. ПО (полициямен) лицензиялық рұқсат беру жүйесінің объектілерін тіркеу тәртібі.

Лицензиялық рұқсат беру жүйесінің функцияларын жүзеге асырытаны ПО (полицияның) бөліністері.

Лицензиялық рұқсат беру жүйесінің ережелерін бұзушыларға ПО әкімшілік әсер ету шаралары.

17 Тақырып. Қоршаған ортаны қорғау бойынша ПО қызметтерінің және бөліністерінің қызметін ұйымдастыру.

Қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды қорғауда ПО маңызы мен рөлі.

Табиғатты қорғау полициясының қызметінің түсінігі және оның қызметінің объектілері.

ПО Табиғатты қорғау полициясы: жүйесі, құрлымы, міндеттері және функциялары.

Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қолдану аясында, карантиндік ережелерді бақылау саласында құқық бұзушылықтардың жолын кесу және профилактикасы.

ПО Табиғатты қорғау полициясының, табиғатты қорғау саласында құқық бұзушылықтармен күресті жүзеге асыру бойынша басқа органдармен өзара әрекеттестігі.

18 тақырып. ПО жол-патрульдік полициясының жұмысын ұйымдастыру.

Жол қозғалысы қауіпсіздік саласында ПО функциялары мен міндеттері.

Жол қозғалысы қауіпсіздік саласында ПО қызметкерлерінің міндеттері мен құқығы.

Жол қозғалыс қауіпсіздігі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау және шешу бойынша ПО лауазымды адамдарының өкілеттілігі.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті қорғау бойынша ПО (полицияның) басқа қызметтерімен және бөліністерімен жол патрульдік полициясының қарым-қатынасы.

Жол қозғалыс ережесін оған қатысушылармен сақтауына жол-патрульдік полициясымен жүзеге асырылатын қадағалау.

Автомобиль жолдарына, көшелердің және жол құрылыстарының қауіпсіздік жағдайына бақылауды жол патрульдік полициясымен жүзеге асыру. Автоматокөлік құралдарын және жол көлік оқиғаларын тіркеу.

ПО емтиханды-тіркеу жұмысы.

Жол-көлік оқиғаларының алдын алу бойынша жол патрульдік полициясының қызметі.

Жол қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ережелерді бұзумен күресудің әкімшілік-құқықтық тактикасы және ұйымдастыру.

19 Тақырып. Көліктегі қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз ету бойынша ПО қызметін ұйымдастыру.

Көліктегі ПО функциялары, міндеттері және құқықтық жағдайы.

Көліктегі ПО ұйымдық құрлымы.

Көліктегі ПО қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті қорғаудың ерекшелігі.

Көліктегі ПО қызметін ұйымдастыру.

Көліктегі ПО қызметінің негізгі бағыттары.

Қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті қорғау бойынша көліктегі ПО қызметтік нарядтарының түрлері.

Қоғамдық қауіпсіздік және қоғамдық тәртіпті қорғау сұрақтары бойынша аумақтық ПО көліктегі ПО бөліністерінің қарым-қатынасы.

20 Тақырып. Мамандандырылған мемлекеттік күзет қызметінің қызметін ұйымдастыру.

ҚР ИМ ӘПКММҚБ құрлымы мен жүйесі.

ҚР ИМ ӘПКММҚБ функциясы мен міндеттері.

Күзетілетін объектілерде құқық бұзушылықтардың жолын кесу және алдын алу бойынша ММҚБ қызметкерлерінің міндеттері мен құқығы.

Күзетілетін объектілердің аумағында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету.

ММҚБ күзетіне объектіні қабылдау тәртібі.

ММҚБ бөліністермен объектілерді күзету ерекшелігі.

ММҚБ бөліністермен күзетудің техникалық құралдарын қолдану.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті қорғау бойынша ПО (полицияның) қызметтерімен және бөліністерімен ММҚБ бөліністерінің қарым-қатынасы.

3.5. Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі:

№	Жұмыс түрлері	Мазмұны және мақсаты	Ұсынылған әдебиеттер тізіміне сілтеме	Бақылау нысаны (рейтинг-шкалаға сәйкес)	Балл (рейтинг-шкалаға сәйкес)	Есеп беру нысаны	Тапсыру мерзімі
	2	3	4	5	6	7	8
	Семинарлық (тәжірибелік)	Сабақ жоспарла	Тақырып бойынша	Ағымдағы бақылау	Сабақтардың	Жауап сабақ	Оқу жоспары

) сабақта ауызша жауап	рына сәйкес	ұсынылған әдебиеттерді қолдану	(ауызша жауап және сабақтағы жұмыс бағаланады)	барлық тақырып тары бойынша ауызша жауап 30 балға дейін	барысын да журналда бағаланады	мен сабақ кестесіне сәйкес сабақта
	Ауызша жауап, КОӨЖ-нда хабарламан ы баяндау	КОӨЖ сабақтарының оқу жоспарына сәйкес	Тақырып бойынша ұсынылған әдебиетті қолдану	Ағымдағы бақылау (ауызша жауап және КОӨЖ-нда жұмыс бағаланады)	Сабақтың әрбір тақырыбы бойынша ауызша жауабы үшін 10 балға дейін	Жауап сабақ барысында журналда бағаланады	Оқу жоспары мен сабақ кестесіне сәйкес КОӨЖ-нда
	Межелік бақылауға дайындалу	Тест сұрақтары	Семестр бойы дайындалу	Аралық бақылау (компьютерлік тестілеумен бағаланады)	10 балға дейін	Жауап ведомоста бағаланады	Оқу жоспарына сәйкес 8-ші және 15-ші апталарда
	Емтиханға дайындалу	Емтиханға сұрақтар	Оқытудың барлық кезеңінде дайындалу	Қорытынды бақылау	50балға дейін	Жауап ведомоста бағаланады	Оқу жоспарына сәйкес

3.6 Курс саясаты

«Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі» барысында келесі ережелердің сақталуын өтінемін:

1. Сабаққа кешікпеу.
2. Сабақтан себепсіз қалмау, сырқатына байланысты болса анықтаманы, ал басқа жағдайларды түсініктемені беру.
3. Өтемдер қабылданбайды, докторант қатыспаған және оның алдында дайын болмаған сабақтардың сұрақтарына жоспарланған сабақтарда дайын болу міндетті.
4. Тапсырмаларды орындау, ұсынылған әдебиеттермен міндетті түрде танысу және конспектілеу.
5. Сабақ барысында ұялы телефондарды сөндіру.
6. Оқу үрдісіне белсенді қатысу
7. Курстас және оқытушылармен шыдарлық, ашық және мейрімді болу.

3.7. Ұсынылған әдебиттер тізімі

№ № п/ п	Автор, атауы	Жылы, басылым орны
Нормативтік- құқықтық актілер		
1.	Қазақстан Республикасының Конституциясы.	30.08.1995ж.
2.	ҚР ӘҚБК	05.07.2014 ж
3.	«Құқық қорғау қызметі туралы» ҚР Заңы	06.01.2011ж
4.	«ҚР Ішкі істер органдары туралы» ҚР Заңы	23.04.2014 ж.
5.	«Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы» Қазақстан Республикасының заңы.	09.07. 2004 ж
6.	Тұрмыстық зорлық - зомбылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының № 214-IV Заңы	04.12.2009ж.
7.	Құқық бұзушылық профилактикасы туралы ҚР № 271-IV Заңы	29.04.2010ж.
8.	Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы ҚР № 223-IV Заңы	08.12.2009ж.
9.	ҚР Босқындар туралы заңы	04.12.2009ж.
10.	ҚР Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы № 28 Заңы	15.07.1996ж
11.	ҚР Нормативтік құқықтық актілер туралы № 213-І Заңы	24.03.1998ж.
12.	«Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» Қазақстан Республикасының № 73-V Заңы	29.01.2013ж.
13.	«Жол жүрісі туралы» Қазақстан Республикасының № 194-V ҚРЗ	17.04. 2014ж.
14.	«Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	16.01.2013ж.
15.	«Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	08.02.2003ж.
16.	«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.	12.01.2007ж.

17.	«Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» ҚР Заңы.	19.06.1995 ж.
18.	«Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы» ҚР Заңы	16.06. 1999ж.
19.	«Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	30.12.1998 ж.
20	«Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар қызметтері туралы» ҚР Заңы.	07.08.2002 ж.
21	Халықтың көшіп-қону туралы ҚР Заңы	22.07.2011ж.
22	Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы ҚР Заңы	06.01.2011ж.
23	Рұқсаттар және хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының Заңы	16.05.2014ж.
24	Қазақстан Республикасының «Балалардың қадағалаусыз қалуын және жасы кәмелетке толмағандармен жасалатын құқық бұзушылықтарды ескерту туралы» Заңы.	09.07. 2004ж.
25	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің № 565 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті туралы ереже	27.11.2011 ж
26	ҚР Үкіметінің № 1458 «ҚР аумағында аң аулау ережесін бекіту туралы» Қаулысы.	31.12. 2004ж.
27	Қазақстан Республикасының ІІМ № 53 “ҚР ІО патрульдік-бекеттік қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы” бұйрығы.	28.10.2013ж.
28	Қазақстан Республикасының ІІМ №387 «Күдіктілер мен айыпталушыларды айдап алып жүрудің тәртібін бекіту туралы» бұйрығы	08.06.2002ж.
29	Қазақстан Республикасының ІІМ №386 «Қызмет атқаруды, уақытша ұстау изоляторында ұсталатын сезіктілерімен айыптаушыларды күзету жөніндегі	01.06. 2002ж.

	нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығы.	
30	Қазақстан Республикасының ПМ №385 «ПО уақытша ұстауизляторларының ішкі тәртіп ережелерін бекіту туралы» бұйрығы.	01.062002ж.
31	Учаскелік полиция пунктiнiң жұмысын ұйымдастыруға жауапты учаскелік полиция инспекторларының, учаскелік полиция инспекторлары мен олардың көмекшілерiнiң қызметiн ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің № 1095 бұйрығы.	29.12.2015ж.
32	Ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандардың істері жөнiндегi учаскелік полиция инспекторларының қызметiн ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралыҚазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің № 1098 бұйрығы.	29.12.2015ж
33	Қазақстан Республикасының ПМ № 135 «Көшіп-келушілердiң паспорттарын тiркеу, олардың жүрiп-тұру, сондай-ақ шетелдiктердiң болуы үшiн жабық жекелеген жергiлiктi жерлерге (аумаққа) кiру, шетелдiктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзитпен жүру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.	07.03. 2012ж.
34	ҚР ПМ №111«Ішкі істер органдарыныңлицензиялау-рұқсат ету жұмысын жүзеге асыру жөнiндегi жұмысы туралы»	01.03.2003ж
35	Табиғатты қорғау іс-шараларына қатысу бойынша ішкі істер органдарының жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралыҚазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің № 1096 бұйрығы.	29.12. 2015ж
36	ҚР ПМ № 485 «Көліктегi ішкі істер органдарыныңпатрульдік полициясы саптық бөлiнiстерiнiң жолаушылар	21.12.2009 ж

	поездарына ілесіп жүруін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығы	
37	ҚР ІІМ № 67 «ҚР ПО мамандандырылған күзет қызметі арнайы әскериленген бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» Бұйрығы	26.06.2014ж.
38	ҚР ІІМ № 187 «Күзет сигналын беру құралдарын монтаждауды, реттеуді, техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыруға үміттенетін заңды және жеке тұлғаларды лицензиялау жөніндегі ішкі істер органдарының жұмысы және олардың қызметін тексеру жүргізу туралы нұсқаулықты» және «Күзетшілер мен күзет бөлімшелерінің жұмысын тексеру жөніндегі ережені бекіту туралы» Бұйрығы.	25.03.2004ж
2. Негізгі әдебиеттер:		
39	Е.Т.Абеуов. Е.Т.ҚалықовПолицияның патрульдік-бекеттік қызметі.Оқу құралы.	Қарағанды, 2012ж.
40	Е.Т.Абеуов. Е.Т.Қалықов. Ә.Т. Нұрмахамбетов., Е.Ж.ТоқтабековІО Әкімшілік қызметі. Ерекше бөлім. Сызбалар альбомы.	Қарағанды, 2015 ж.
41	Административная деятельность ОВД. Общая и основная части: Учебник. Под рек. В.Я. Кикотя.	М: ЮНИТИ – ДАНА, 2003.
42	Коренев А.П. Административная деятельность ОВД.	М., 1998 г.
43	Дякин В.А. Предупреждение ОВД административных правонарушений посягающих на общественный порядок.	М., 1984 г.
44	Ильин Д.Д., Колодкин Л.М., Коренев А.П. Правовые и практические основы ООП работниками милиции.	М., 1984 г.
45	Колонтаевский Ф.Е., Соколов П.А. Перестройка деятельности горрайорганов	М., 1990 г.

	ВД по обеспечению ОП и предупреждению уличной преступности.	
46	Методическая рекомендация. «Действия патрульного полицейского на месте происшествия». № 5/6-393	Астана, 24.03.2000 г.
47	Организация работы аппаратов службы ООП.	М., 1990 г.
48	Қызылов М.А. Қазақстан Республикасының әкімшілік қызметі. Оқу құралы.	Қарағанды, 2009ж.
49	Қызылов М.А. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. Оқу құралы.	Астана-2009. 504 бет.
50	Баянов Е. Әкімшілік құқық. Оқулық	Алматы 2007ж.
51	Административное право РК: Академический курс / А. А.Таранов.2-е изд., перераб. и доп.	Алматы:2003.-256с
52	Административное право: учебный курс / под ред. Р.А.Подопригоры.	Алматы: 2010. – 368с.
53	Административное право. Учебник. Бахрах Д.Н., Россинский Б.В., Стариков Ю.Н.	«Норма» 2008г. //
54	Административное право России: Учебник. Д.Н. Бахрах, В.Г Татарян.-4-е изд., перераб. и доп	М.:ЭКСМО,2009.-608с.
55	ҚР әкімшілік құқығы бойынша қазақша-орысша, орысша – қазақша сөздігі. Оқу тәжірибелік құралы. Серімов Е.Е., Қалыков Е.Т., Түсіпбеков Ә.Б.	ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы ҚА. Қарағанды., 2015 ж.
56	Административное право Республики Казахстан (Первая часть): Курс лекций. Под общей ред. к.ю.н., профессора Кызылова М.А., к.ю.н., доцента В.Н.Лапшина. Караганда: Кар. академия МВД РК им. Б.Бейсенова	2013. – 148с.
57	Административное право: Учебно-методическое пособие. Карпекин А.В., Филин В.В., Тусупбеков А.Б. КА МВД Республики Казахстан	Караганда, - 2014. – 240 с.
58	Административно-деликтное процессуальное право Республики	Караганда:2014. – 315с.

	Казахстан. Учебное пособие. / Под общ. научн. ред. проф. В.Г.Татаряна, проф. В.А.Круглова. Изд. 4-е, доп. и измен. – Академия МВД РК им.Баримбека Бейсенова,	
59	Предупреждение административной деликтности несовершеннолетних: Учеб. пособ. / Б. А. Жетписбаев, О. А. Бектенов.	Алматы:, 2008.-196с.
60	Жетписбаев Б.А. Административная ответственность в РК: Учебное пособие. // Под общей ред. Профессора С.С. Сартаева.	Алматы: Данекер, 2000. –233с.
61	Комментарий к отдельным статьям нового Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях (подведомственных ОВД): Научно-практическое пособие / Абеуов Е.Т., Абылкасымова А.Ш., Амангельдиев Д.А. и др. Под общ. ред. к.ю.н., генерал-майора полиции Кенжетаяева Д.Т.	Караганда: КА МВД РК им. Б.Бейсенова, 2014г.
62	Административные процедуры: учеб.пособ./ Ред. Н.В. Спиридонова.	Алматы: Изд-во НИИ ФиНП, 2011.-52с.
63	Кенжетаяев Д. Т., Жалбуров Е.Т., Лапшин В.Н., Кызылов М.А. Образцы административно-процессуальных документов. / Под ред. Вице-министра ВД РК Шпекбаева А.Ж.	КарЮИ МВД РК им. Б.Бейсенова, 2006. – 78 с
64	Әкімшілік – процестік және қызметтік құжаттар үлгісі. Авторлар: Е.Т. Әбеуов., М.А. Қызылов., Е.Т. Қалыков., Ә.Т. Нұрмахамбетов. Қарағанды 2015 ж.	Қарағанды, 2015.
65	Административно-юрисдикционная деятельность органов внутренних дел. Альбом-схем. Учебное пособие. / В.Н. Лапшин, М.А. Кызылов, В.В.Филин	Караганда, 2000г.
66	Филин В.В. Административные правонарушения, посягающие на права личности. Комментарий. КА МВД РК им.Б.Бейсенова	Караганда, 2015г. 135с.
67	Административный процесс: Теория и практика М. Я. Масленников.	ВНИИ МВД РОССИИ, 2008.-364с
68	Административно-юрисдикционная	МВД СССР, 1988.

	деятельность органов внутренних дел (милиции). Учебное пособие (практикум). – Под ред. Коренева А.П.	
69	Веремеенко И.И. Механизм административно-правового регулирования в сфере охраны общественного порядка.	М.,1982.
70	Шергин А.П. Административная юрисдикция.	М., 1986.
3. Қосымша әдебиеттер:		
71	"Қазақстан-2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы	Астана қ., 14.12.2012ж.
72	Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің № 858 Жарлығы.	24.09.2009 ж.
73	Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы Қазақстан Республикасы Президентінің № 922 Жарлығы	01.02. 2010ж.
74	Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы № 957	19.03.2010 ж.
75	Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2011 жылға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1468 Қаулысы.	30.12.2010 ж.
4. Интернет-қайнар көздері:		
76	Қазақстан Республикасының ақпараттық жүйесі	http://www.zako.kz/ .
77	Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі	http://adilet.zk.rus/search/docs/fulltex .
78	ҚР ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы	http://web.kzi.kz

	Қарағанды академиясының порталы	
79	Қазақстан Республикасы ІІМ ресми сайты	http://mvd.gov.kz/portal/page/portal/mvd/MVD.

3.8.

Сабақ жоспары

ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

№ н/р	Тақырыптардың нөмірі	Тақырыптардың атауы	Кретитер саны	Аудиториялық сағаттар			КӨЖ	КӨЖ
				дәрістер	семинарлық абақтар	Тәжірибелік сабақтар		
1	11	Ерекше бөлім ПО әкімшілік полиция қызметі.	2 (90 сағат)	1	1	1	1	4
2	12	Ұсталғандарды, қамауға алынғандарды күзету, ұстау және айдауылдау бойынша полицияның қызметі. ПО арнайы мекемелерінің қызметін ұйымдастыру.			1	2 (шығу)	2	5
3	13	Учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру.		1	1	2	1	5
4	14	Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының, қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу мен жолын кесу бойынша ПО-ның жұмысын ұйымдастыру.		1	1	1	2	4
5	15	ПО-ның көші-қон полициясының қызметінің ұйымдастыру.		1	1	2 (шығу)	2	5
6	16	Лицензиялық рұқсат ету жұмысын жүзеге асыру бойынша ПО қызметін ұйымдастыру.		1	1	2	2	5

7	17	Қоршаған ортаны қорғау бойынша ПО қызметтерінің және бөліністерінің қызметін ұйымдастыру.			1	1	2	5
8	18	ПО жол-патрульдік полициясының жұмысын ұйымдастыру.			1	2	1	4
9	19	Көліктегі қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз ету бойынша ПО қызметін ұйымдастыру.			1	1	1	4
10	20	Мамандандырылған мемлекеттік күзет қызметінің қызметін ұйымдастыру.			1	1	1	4
		Барлығы:		5	10	12	15	45

11-тақырып. ПО әкімшілік полиция қызметі.

Дәріс -1 сағат

Жоспар

1. Әкімшілік полиция қызметінің құқықтық жағдайы, жүйесі және құрлымы.
2. Жергілікті полиция қызметінің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттемелері.

Дәріс тезистері

1. Әкімшілік полиция қызметінің құқықтық жағдайы, жүйесі және құрлымы.

Әкімшілік полиция жергілікті полиция қызметінен, азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау бөлімшелерінен, көші-қон полициясынан, уақытша ұстау изоляторларынан, айдауыл қызметі бөлімшелерінен және қоғамдық тәртіпті сақтауды жүзеге асыратын өзге де бөлімшелерден тұрады. Жергілікті полиция қызметі учаскелік полиция инспекторлары бөлімшелерінен, кәмелетке толмағандар істері, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелерден, жол-патрульдік полициясынан, табиғатты қорғау полициясынан, қабылдау-бөлу орындарынан және арнаулы қабылдау орындарынан тұрады.

Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне,

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Міндеті: қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау, алдын алу және олардың жолын кесу, қылмыстарды ашу, кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтар мен қадағалаусыз қалуды анықтау және жолын кесу, өзінің құзыреті шегінде әйелдерге қатысты құқыққа қарсы қол сұғушылыққа қарсы күрес саласында мемлекеттік саясатты іске асыру, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзырет шегінде анықтауды және әкімшілік өндірісті жүзеге асыру.

Функциялары:

1) ішкі істер органдарында профилактикалық есепте тұратын адамдардың жүріс-тұрысын бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

2) ювеналды полицияның қызметін ұйымдастырады, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, ескерту және жолын кесу бойынша ішкі істер органдарының жұмысын үйлестіреді;

3) әйелдерге қатысты құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша профилактикалық қызметті жүзеге асырады;

4) карантиндік, санитарлық және экологиялық іс-шараларды өткізу, оның ішінде төтенше жағдайлар туындаған кезде бағынысты органдар мен ішкі істер бөліністерінің қатысуын ұйымдастырады және бақылайды;

5) ішкі істер органдарының аумақтық әкімшілік полиция бөліністерінің қызметін бақылауды жүзеге асырады;

6) азаматтарды қабылдауды, азаматтардың, лауазымды адамдардың ауызша және жазбаша өтініштерін, арыздары мен ұсыныстарын уақтылы және толық қарауды ұйымдастырады және жүзеге асырады, олар бойынша шешімдер қабылдайды;

7) ведомстволық статистикалық есептерді заңнамада белгіленген тәртіппен қалыптастырады және жүргізеді;

8) халықты құқықтық тәрбиелеу, құқықтық тәртіптің жай-күйі мен ішкі істер органдарының қызметі туралы қоғамдық пікірді зерделеу бойынша шараларды іске асырады.

Міндеті: уақытша ұстау изоляторларында, ішкі істер органдарының қабылдау тарату органдарында және арнайы қабылдау орындарында құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету.

2. Жергілікті полиция қызметінің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттемелері.

ЖПҚ міндеттері: құқық бұзушылықтар профилактикасы; қоғамдық тәртіпті сақтау; жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету; әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу; қылмыстық құқық

бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу; қылмыстық теріс қылықтар бойынша хаттамалық нысанда сотқа дейінгі тергеп-тексеру; ішкі істер органдарының қабылдау-бөлу және арнайы қабылдау орындарында адамдарды ұстау;

ЖПҚ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдері алдында қоятын тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында құқық тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де міндеттер.

ЖПҚ функциялары:

1) құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға, зерделеуге, жоюға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асырады;

2) қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша шаралар кешенін жүзеге асырады;

3) жол жүрісін және оның қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

4) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асырады;

5) қылмыстық теріс қылықтарды тергеп-тексеруді жүзеге асырады;

6) әкімшілік қамауға алынған және белгілі бір тұрғылықты жері және (немесе) жеке басты куәландыратын құжаттары жоқ адамдарды қабылдауды және ұстау жағдайын қамтамасыз етеді;

7) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

10. ЖПҚ құқықтары және міндеттемелері:

ЖПҚ «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» 2014 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өз құзыреті шегінде:

1) жеке және заңды тұлғалардан Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауды, құқыққа қарсы әрекеттерді тоқтатуды талап етуге, ал бұл талаптарды орындамаған жағдайда тиісті мәжбүрлеу шараларын қолдануға;

2) жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын, сондай-ақ орындалуын бақылау ішкі істер органдарына жүктелген, белгіленген қағидалардың сақталуын тексеруге қажетті басқа да құжаттарды тексеруге;

3) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін іс жүргізуде жатқан материалдар мен істер бойынша ішкі істер органдарына шақыруға, олардан түсінік және айғақтар, құжаттар, олардың көшірмелерін алуға, ал, келмеген кезде белгіленген тәртіппен күштеп келтіруге;

4) жеке және заңды тұлғаларға қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы орындалуы міндетті ұйғарымдар, ұсынымдар енгізуге;

5) қоғамдық тәртіпті сақтауда ерекше көзге түскен азаматтарды көтермелеуге;

б) қоғамдық, топтық немесе жеке мүдделер мен наразылық танытудың заңсыз нысандарының жолын кесуге;

7) психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтыну фактісін және масаң күйде болғанын анықтау үшін адамдарға куәландыру жүргізуге, ал, мүмкін болмаған жағдайда – куәландыру үшін медициналық мекемелерге жеткізуге;

8) көлік құралдарын тоқтатуға және тексеріп қарауға, адамдарды көлік құралдарын басқарудан шеттетуге, көлік құралдарын пайдалануға тыйым салуға, көлік құралдары мен жаяу жүргіншілердің жүрісін уақытша шектеуге немесе оған тыйым салуға;

9) төтенше жағдайлардың салдарын жою, терроризмге қарсы операцияны, күзету, көпшілік, карантиндік іс-шараларын өткізу, іздеу салуда жүрген адамдарды ұстау, кепілге алынғандарды босату, қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар жасады деп күдік келтірілген адамдардың ізіне түсу, жарылғыш заттар, оқ-дәрілер және жарғыш құрылғылар, улы және радиоактивті заттар табылғандығы туралы мәліметтерді тексеру, жаппай тәртіпсіздіктің және жеке тұлғалардың қауіпсіздігіне, инфрақұрылым объектілерінің тыныс-тіршілігіне қауіп төндіретін, қоғамдық тәртіпті бұзатын өзге де топтасқан әрекеттердің жолын кесу кезінде жергілікті жер учаскелерін қоршауға алуды жүргізуге;

10) күзетілетін, көпшілік іс-шаралар өткізілетін орындарға кіру (келу) кезінде жеке тұлғаларды, олардың заттарын, көлік құралдарын және өткізілетін жүктерді тексеріп қарауды, оның ішінде техникалық құралдарды пайдаланып тексеріп қарауды жүргізуге, олар өткізілетін орындарға тыйым салынған нәрселер мен заттары бар адамдар мен көлік құралдарын кіргізбеуге;

11) жедел-профилактикалық, іздестіру және өзге де арнаулы іс-шараларды өткізу кезінде бақылау-өткізу пункттерін орнатуға;

12) карантиндік, санитариялық-эпидемияға қарсы және табиғатты қорғау іс-шараларына қатысуға;

13) төтенше жағдайлардың салдарын жою үшін өртке қарсы және авариялық-құтқару қызметтерінің күштері мен құралдарын, көлік және басқа да материалдық-техникалық құралдарды, ұйымдардың байланыс және химиялық қорғану құралдарын тартуға;

14) қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілген адамның ізіне түсу, оқиға орнына бару, төтенше немесе соғыс жағдайы қолданылған кезеңде, қарулы қақтығыс жағдайында, төтенше жағдайларды жою кезінде, сондай-ақ меншік иелеріне материалдық залал келтірілген жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен оның орнын толтыра отырып, егер кідірту адамдардың өмірі мен денсаулығына нақты қатер төндіруі мүмкін болатын болса, жедел медициналық көмекке мұқтаж адамдарды медицина ұйымдарына жеткізу үшін көліктің кез келген түрін (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер өкілдіктері мен халықаралық ұйымдардың көлік құралдарынан басқа) пайдалануға;

15) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтайтын орындарға тексерулер жүргізуге;

16) қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтардың жасалу актілерін және ішкі істер органдары қызметкерлерінің әрекеттерін тіркеу үшін техникалық құралдарды пайдалануға;

17) қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған адамдарды ұстау жөнінде іс-шаралар жүргізуге;

18) жеке тұлғаларды әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін ішкі істер органдарына жеткізуге;

19) қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған әскери қызметшілерді ұстауға және оларды әскери полиция органдарына, әскери бөлімдер командирлеріне немесе жергілікті әскери басқару органдарының бастықтарына тапсыруға;

20) қаруды, оқ-дәрілерді, есірткіні, психотроптық заттар мен прекурсорларды, сондай-ақ өзге де тыйым салынған нәрселер мен заттарды алып қоюға;

21) жеке адамдардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған деп күдік келтірілген адамдардың ізіне түсу кезінде не сол жерде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасалды немесе жасалуда, жазатайым оқиға болды деп санау үшін жеткілікті мәліметтер болса, дүлей зілзалалар, апаттар, авариялар, эпидемиялар, эпизоотиялар және жаппай тәртіпсіздіктер кезінде жеке тұлғалардың жеке басының қауіпсіздігі мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін тұрғын және өзге де үй-жайларға, аумақтарға және жер учаскелеріне (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер өкілдіктері мен халықаралық ұйымдардан басқа) кедергісіз кіруге, оларды қарап тексеруге;

22) егер жеке тұлғалардың тұрғын жайларда, жергілікті жердің белгілі бір учаскелерінде болуы адамның өмірі мен денсаулығына, меншік объектілеріне қатер төндіретін болса, ұйымдардың жұмысын бұзса, көлік құралдары мен жаяу жүргіншілердің жүрісіне кедергі келтіретін болса, сондай-ақ жедел-іздістіру іс-шараларын, тергеу амалдары мен көпшілік іс-шараларды жүргізген жағдайларда олардың сол жерлерге кіруін немесе онда болуын шектеуге, оған уақытша тыйым салуға;

23) қабылдау-бөлу және арнайы қабылдау орындарында ұсталатын, профилактикалық есепте тұрған адамдарды криминалистік есепке қою үшін суретке түсіруге, дактилоскопия жасауға, дыбыс жазбасын, кино- және бейне түсірілімін жүргізуге;

24) ЖПҚ жұмысын жария ету үшін бұқаралық ақпарат құралдарын тартуға;

25) дербес деректерді жинауды және өңдеуді жүзеге асыруға;

26) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің

актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

Әдебиеттер: 3, 4, 13, 16, 19, 25, 28, 31, 32, 39, 41, 48, 62, 64.

Семинарлық – 1 сағат(сұрау-жауап нысаны, талқылау)

Жоспар

1. Әкімшілік полицияның ПО-ң басқа бөлімшелерімен өзара әрекетінің нысандары, функциялары, міндеттері және құқықтық негізі.
2. Жергілікті полиция қызметі: функциялары, құқықтары және міндеттері.

Тәжірибелік – 1 сағат. (сұрау-жауап нысаны, талқылау)

Жоспар

Бақылау сұрақтары:

1. Патрульдер мен нарядтардың түрлері.
2. Қоғамдық қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті қорғау кезінде патрульдермен және нарядтармен қызмет етуді ұйымдастыру.
3. Нарядтарға нұсқау өткізудің тәртібі.

1 есеп.

Орталық ПБ ҚҚБ бастығы полиция капитаны Иванко қоғамдық қауіпсіздік полициясының күштері мен құралдары ескерілген, 6 ай мерзімге қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қорғау бойынша бекеттердің біртұтас жоспарын құрды.

Тапсырма:

1. Жағдайға баға беріңіздер.
2. Бекеттердің біртұтас жоспарын құрудың тәртібі пен ерекшеліктері қандай?

2 есеп.

Октябрь АПБ бастығының атына бір мөлтек аудандардың тұрғындарынан кешкі уақытта топтасқан жастар қоғамдық тәртіпті, бұзатындары және олар азаматтарға тисетіні туралы ақпарат түсті. АПБ бастығы осыған сәйкес шараларды қолдану үшін бұл ақпаратты қоғамдық қауіпсіздік бөлімінің бастығына жібереді

Тапсырма:

1. Жағдайға баға беріңіздер.
2. АПБ бастығының әрекетін бағалаңыздар.
3. Бұл жағдайда қоғамдық қауіпсіздік бөлімі бастығының әрекеті қандай болуы керек.

3 есеп.

ПД өткен жедел жиналыста жаңа құрлыс ауданында жиі қылмыстар

және құқық бұзушылықтар жасалатынына байланысты, қоғамдық қауіпсіздік полицияның жұмысы, қоғамдық қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті қорғау бойынша жұмысы дұрыс деңгейде жүргізілмейтіні туралы фактілері көрсетілді

Тапсырма:

1. Жағдайға баға беріңіздер.
2. Осы факті бойынша ҚҚ полициясы бастығының әрекеттері.
3. Басқарушылық шешім қабылдаңыздар.
4. Жоғарыдағы кесеңсіздіктерді қалпына келтіру бойынша шаралар жоспарын құрыңыздар.

4 есеп.

Дубов атындағы шахтасында пайда болған өртке байланысты, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қорғауды қамтамасыз ету үшін шахта орналасқан аумаққа кеңес Михайлов ПБ қоғамдық қауіпсіздік полициясының барлық күштері мен құралдары қатыстырылды.

Тапсырма:

1. Жағдайға баға беріңіздер.
2. Осы факт бойынша басқарушылық шараларын қолданыңыздар.
3. Қоғамдық қауіпсіздік пен тәртіпті қорғау бойынша шаралар жоспарын құрыңыздар.

5 есеп.

Карантин орнатылуына байланысты «Ақ» көл ауданында үй жануарларының жұқпалы аурулары туралы төтенше жағдай жарияланды. Аудан әкімі АПБ бастығына, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бөлімшелердің жеке құрамын қатыстыру туралы тапсырма берді.

Тапсырма:

1. Жағдайды бағалаңыздар.
2. Аудан әкімінің тапсырмасына АПБ бастығының әрекет ету тәртібі.
3. Шешім қабылдаңыздар.

КООЖ – 1 сағат

Жоспар

1. Ішкі істер органдары жүйесі және қызметінің ұйымдастырылуы.
2. Ішкі істер органдарының қызметі саласындағы мемлекеттік реттеу.

КӨЖ - 4 сағат

Курсант өздік жұмыс барысында орындау керек.

1. Осы тақырып бойынша негізгі оқу әдебиетін оқу.
2. Тәжірибелік органдардың тиімді тәжірибесімен және қосымша әдебиеттермен танысу.

3. Қызметтік дәптерлерде қысқаша конспект жасау:
 - Ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметі туралы ережені қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы” бұйрығы.
4. Дәрістердән конспектісін және алдағы семирнарлық сабақтың сұрақтарына қысқаша конспект дайындау.
5. «Жаппай іс-шаралар өткізу кезінде ПБҚ қызметін ұйымдастыру» тақырыбына реферат дайындау.
Өзін өзі бақылау сұрақтары:
 1. ПБҚ құқықтық жағдайын реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді атаңыз.
 2. Полицияның басқа бөлімшелерінің қызметкерлерінен ПБҚ қызметкерлерінің құқықтық жағдайының айырмашылығы.
 3. Жаппай мәдени шараларды өткізу кезінде ПБҚ жұмысын ұйымдастырудың ерекшелігі.
 4. Тұрғындармен және ішкі істер органдарының басқа бөлімшелерімен ПБҚ өзара әрекеттестігінің нысандары.
10. Сабаққа арналған дидактикалық материалдары (дәріс, семинар, нормативтік актілер конспектілері). Тестілік тапсырмаларды шешуге дайын болу.

Әдебиеттер: 3, 4, 13, 16, 19, 25, 28, 31, 32, 39, 41, 48, 62, 64, 71,72,73,74,75.

12-тақырып. Ұсталғандарды, қамауға алынғандарды күзету, ұстау және айдауылдау бойынша полицияның қызметі. ПО арнайы мекемелерінің қызметін ұймдастыру.

Жоспар

Семинарлық – 1 сағат (сұрау-жауап нысаны, талқылау)

1. Полицияның қамауға алынғандар мен ұсталғандарды айдауылдау және ұстау, күзету бойынша қызметінің функциялары, міндеттері және құқықтық жағдайы.
2. Айдауылдау қызметінің тактикасы және ұйымдастыру. Айдауылдау тәсілі. ПО УҰИ ұстау және қабылдау тәртібі, негізі.

Тәжірибелік – 2 сағат.(Қарағанды қ. ЖПБ арнайы қабылдағышна шығу)

Жоспар

Бақылау сұрақтары:

1. Полицияның қамауға алынғандарды және ұсталғандарды күзету, ұстаужәне айдап апару бойынша қызметінің штаттары және құрлымы кіммен бекітіледі?

2. Полицияның қамауға алынғандарды және ұсталғандарды күзету, ұстаужәне айдап апару бойынша қызметінің ұйымдық құрылымы және құқықтық жағдайы;

КООЖ –2 сағат

Жоспар

1. Айдауылдаудың тәсілдері және негізгі тактикалық тәсілдері.
2. Айдауылдау қызметінің жұмысын ұйымдастыру және тактикасы.
3. Уақытша ұстау изоляторының жұмысын ұйымдастыру.

КӨЖ - 5 сағат

Курсант өздік жұмыс барысында орындау керек.

1. Осы тақырып бойынша негізгі оқу әдебиетін оқу.
2. Тәжірибелік органдардың тиімді тәжірибесімен және қосымша әдебиеттермен танысу.

3. Қызметтік дәптерлерде қысқаша конспект жасау:

- Қазақстан Республикасының ПМ 2002.01.06 №385 «ПО уақытша ұстауизляторларының ішкі тәртіп ережелерін бекіту туралы» бұйрығы.

- Қазақстан Республикасының ПМ 2002.01.06. №386 «Қызмет атқаруды,уақытша ұстау изоляторында ұсталатын сезіктілерімен айыптаушыларды күзету жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығы.

- Қазақстан Республикасының ПМ 2002.08.06. №387 «Күдіктілер менайыпталушыларды айдап алып жүрудің тәртібін бекіту туралы» бұйрығы

4. КӨЖ конспектісін және алдағы семирнарлық, тәжірибелік сабақтардың сұрақтарына қысқаша конспект дайындау.

5. «ПО УҰИ бойынша кезекшінің міндеттері мен құқығы» тақырыбына реферат дайындау.

Өзін өзі бақылау сұрақтары

1. Айдауылдаудың түрлері.

2. Айдауылдаудың тәсілдері және негізгі тактикалық тәсілдері.

3. Айдауылдау қызметінің жұмысын ұйымдастыру және тактикасы.

4. Уақытша ұстау изоляторының жұмысын ұйымдастыру.

5. Облыстық, қалалық ПД және аудандардың УҰИ ұйымдық құрлымы мен құқықтық жағдайы.

6. ПО-ң УҰИ тағайындалуы және міндеттері.

7. ПО-ң УҰИ ұстау және қабылдау тәртібі, негіздері.

8. ПО-ң УҰИ бойынша кезекшінің міндеттері және құқықтары.

9. УҰИ босатудың негіздері.

10. Әкімшілік қамауға алынғандар үшін бөлмелер.

11. ПО-ң УҰИ ұсталған адамдардың міндеттері және құқықтары.
12. Сабаққа арналған дидактикалық материалдары (дәріс, семинар, нормативтік актілер конспектілері). Тестілік тапсырмаларды шешуге дайын болу.

Әдебиеттер: 3, 4, 6, 7, 10, 16, 22, 25, 28, 29, 30, 31, 32, 34, 40, 41, 42, 46, 48, 59, 65,71, 72,73,74,75.

13 тақырып.Учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру.

Дәріс – 1 сағат

Жоспар

1. Учаскелік полиция инспекторының құқықтық жағдайы.
2. Учаскелік полиция инспекторының қызметін ұйымдастыру.

Дәріс тезистері

1. Учаскелік полиция инспекторының құқықтық жағдайы.

Учаскелік полиция инспекторлары мен олардың көмекшілерінің негізгі міндеттері:

құқық бұзушылықтардың, рецидивтік, тұрмыстық, алкогольдік қылмыстардың алдын алу, олардың жасалу себептері мен жағдайларын анықтау;

адам мен азаматтың құқықтарын, бостандығы мен заңды мүдделерін заңсыз қол сұғушылықтардан қорғауды қамтамасыз ету;

учаскелік инспекторда профилактикалық есепте тұрған адамдар (бұдан әрі – профилактикаланатын адамдар) тарапынан болатын құқық бұзушылықтарға жеке алдын алуды жүргізу;

әкімшілік учаскеде маңызы бар ақпаратты жинайды және оны ПО-ның мүдделі бөліністеріне, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдарға береді;

қылмыстық теріс қылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайды анықтайды, оларды жоюға бағытталған шараларды қабылдайды;

құқыққа қарсы қол сұғушылықтан, оқиғалардан және оқыс жағдайдан зардап шеккендерге, сонымен қатар дәрменсіз немесе олардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін жағдайда қалған жеке адамдарға көмектеседі;

қоғамдық орындарда масаң күйде жүрген, адамның қадір-қасиетін және қоғамдық имандылықты қорлаған адамдарды медициналық ұйымдарға немес ішкі істер органына жеткізеді;

құқық бұзушылықты анықтайды және жолын кеседі;

заңнамада белгіленген құзыреті шегінде әкімшілік өндірісті және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырады;

оқиғалар, жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы арыздарды қабылдайды, тіркейді және қарастырады, қабылданған шешім туралы заңнамамен белгіленген тәртіпте арызданушыға хабарлайды;

қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамдарды ұстайды;

жеке адамдардан және заңды тұлғалардан Қазақстан Республикасының заңнамаларын сақтауды, құқыққа қарсы әрекеттерді тоқтатуды талап етеді, ал осы талаптарды орындамаған жағдайда тиісті мәжбүрлеу шараларын қолдайды;

жеке адамдардың жеке басын куәландыратын құжаттарын, сондай-ақ ПО-ға олардың орындалуын бақылау жүктелген белгіленген қағидаларды сақтауды тексеруге қажетті өзге де құжаттарды тексереді;

өндірістегі материалдар мен істер бойынша жеке адамдарды және заңды тұлғалардың өкілдерін ПО-ға шақырады, олардан түсініктемелер мен көрсетпелер, құжаттар, олардың көшірмелерін алады, ал келмеген жағдайда белгіленген тәртіпте мәжбүрлеп әкеледі;

жеке адамдарға және заңды тұлғаларға міндетті түрде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы ұсыныстар мен ұсынымхаттарды орындау үшін енгізеді;

айтылған заңсыз қоғамдық, топтық немесе жеке қызығушылықтар және наразылықтар нысандарының жолын кеседі;

психоактивті заттарды пайдалану және мас күйде болу фактілерін анықтау үшін куәландыруды жүргізеді, ол мүмкін болмаған жағдайда – куәландыру үшін медициналық мекемелерге жеткізеді;

қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілген адамның ізіне түсу, оқиға орнына бару, төтенше немесе соғыс жағдайы қолданылған кезеңде, қарулы қақтығыс жағдайында, төтенше жағдайларды жою кезінде, сондай-ақ меншік иелеріне материалдық залал келтірілген жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен оның орнын толтыра отырып, егер кідірту адамдардың өмірі мен денсаулығына нақты қатер төндіруі мүмкін болатын болса, жедел медициналық көмекке мұқтаж адамдарды медицина ұйымдарына жеткізу үшін көліктің кез келген түрін (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер өкілдіктері мен халықаралық ұйымдардың көлік құралдарынан басқа) пайдаланады;

жеке адамдарды әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін ішкі істер органдарына жеткізеді;

қаруды, оқ-дәрілерді, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды, сондай-ақ өзге де тыйым салынған бұйымдар мен заттарды алады;

жеке адамдардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған деп күдік келтірілген адамдардың ізіне түсу кезінде не сол жерде қылмыстық немесе әкімшілік құқық

бұзушылық жасалды немесе жасалуда, жазатайым оқиға болды деп санау үшін жеткілікті мәліметтер болса, дүлей зілзалалар, апаттар, авариялар, эпидемиялар, эпизоотиялар және жаппай тәртіпсіздіктер кезінде жеке тұлғалардың жеке басының қауіпсіздігі мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін тұрғын және өзге де үй-жайларға, аумақтарға және жер учаскелеріне (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер өкілдіктері мен халықаралық ұйымдардан басқа) кедергісіз кіреді, оларды карап тексереді;

2. Учаскелік полиция инспекторының қызметін ұйымдастыру.

Учаскелік инспектор мен оның көмекшісінің жұмысын ұйымдастыру бойынша жалпы басышылықты ЖПҚ-ның бастығы немесе оның орынбасары жүзеге асырады.

Учаскелік инспекторлардың қызметін ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етуді және бақылауды Ішкі істер министрлігі, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және аудандардың (қаланың, қаладағы ауданның) жергілікті полиция қызметі жүзеге асырады, олар:

жалпы құқық бұзушылықтардың жай-күйіне, құрылымына және динамикасына, сондай-ақ олардың алдын алу және жолын кесу бойынша қабылданған шаралардың тиімділігіне талдау жасайды;

белгіленген тәртіппен өкілдік және атқарушы билік органдарына учаскелік инспекторлар мен олардың көмекшілері қызметінің проблемалық мәселелері бойынша ақпараттық материалдар, сондай-ақ құқық бұзушылықтар профилактикасын жетілдіру бойынша жедел жағдайға жасалған талдаудан туындайтын ұсыныстарды дайындайды;

жергілікті мемлекеттік басқару органдарымен, қоғамдық бірлестіктермен және діни ұйымдармен құқық бұзушылықтар профилактикасы мәселелері бойынша өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

белгіленген тәртіппен тиісті органдар мен ұйымдарға құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен шарттарды жою туралы ұсыныстар енгізеді;

әдістемелік ұсынымдар мен шолулар, сондай-ақ учаскелік инспекторлар мен олардың көмекшілерінің қызметін жетілдіруге бағытталған бұйрықтардың, нұсқаулар мен басқа да басқарушылық шешімдердің жобаларын дайындайды;

учаскелік инспекторлар мен олардың көмекшілерінің қызметін зерделеу, Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің нақты орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ оларға әдістемелік және практикалық көмек көрсету үшін инспектрлеуге, бақылау тексерістеріне, аудандарға (қалаларға, қаладағы аудандарға) кешендік және өзге де шығуларға қатысады;

құқық бұзушылықтар профликатикасы жөніндегі жұмыстың озық тәжірибесін зерделейді, қорытады және практикаға енгізеді;

профилактикалық есепте тұратын адамдардың қылмыстар жасауына ықпал ететін себептер мен шарттарды анықтау мақсатында қызметтік тексерістер жүргізеді;

профилактикалық және тізімдік есептерде тұрған адамдарды есепке алу журналдарын жүргізеді;

учаскелік инспекторлар мен олардың көмекшілерінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша азаматтардың өтініштерін, мемлекеттік органдардың, қоғамдық және діни бірлестіктердің хабарламаларын қарайды.

Учаскелік инспектор мен оның көмекшісі ЖПБ бастығымен бекітілген өз жұмысын УПП жұмыс жоспарларына сәйкес ұйымдастырады.

Жұмыс дәптерін жүргізеді, онда учаскелік инспектордың тікелей бастықтарының барлық тапсырмалары мен нұсқаулары және оларды орындау мерзімдері есепке алынады.

Әрбір айдың қорытындысы бойынша учаскелік инспектор және оның көмекшісі жұмыс дәптерінде атқарылған жұмыс туралы анықтама жасайды, ол жалпылау үшін ЖПҚ бастығына немесе оның орынбасарына (учаскелік инспектордың жұмысына басшылық ету жөніндегі инспекторға) ұсынылады.

Әдебиеттер: 3, 4, 6, 7, 10, 11, 12, 16, 17, 18, 21, 22, 23, 25, 28, 31, 32, 33, 34, 40, 41, 49, 55, 61, 62, 64, 71, 72,73,74,75.

Семинарлық – 1 сағат

(сұрау-жауап нысаны, талқылау)

Жоспар

1. Учаскелік полиция инспекторының құқықтық жағдайы, оның міндеттері.
2. Учаскелік полиция инспекторына әкімшілік учаскені бекіту.
3. Әкімшілік учаскенің көлемін және шекарасын қайта қарау және анықтау.

Тәжірибелік – 2 сағат.

(сұрау-жауап нысаны, талқылау)

Жоспар

Бақылау сұрақтары:

1. УПИ құқықтық жағдайының ерекшелігі және полицияның басқа қызметтерімен өзара әрекеттестігі.
2. УПИ жұмысын ұйымдастырудың ерекшелігі.
3. УПИ рәсімделетін қызметтік құжаттарының түрлері. Оны сақтау тәртібі.

4. Ауылдық жерде УПИ функциялары, міндеттері және құқықтық жағдайы.

№ 1 Есеп.

Михайлов ПБ учаскелік инспекторы полиция капитаны Е., бас бостандығынан айыру орындарынан шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған азамат И., бір жыл ішінде бірнеше рет қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін, оны әкімшілік жауаптылыққа тартып, оған әкімшілік қадағалау орнату туралы полиция бөлімінің бастығына баянат жазды.

Тапсырма:

1. Жағдайға талдау жасаңыз.
2. Учаскелік полиция инспекторының әрекеті заңды ма?
3. Әкімшілік қадағалау орнату тәртібін анықтаңыз.

№ 2 Есеп.

Орталық ПБ учаскелік полиция инспекторы А., патрульдік бекеттік қызметтің нардымен учаскелік полиция тірегіне ҚР ӘҚБтК 387 бабы бойынша құқық бұзушылық жасағаны үшін жеткізілген Қ азаматқа, учаскелік полиция инспекторы өзінің көмекшісі полиция лейтенанты Ш., әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырыу туралы нұсқау жасады. Учаскелік полиция инспекторының көмекшісі хаттама толтырғаннан кейін, осы бап бойынша өз атынан шешім қабылдап құқық бұзушыға 1 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салу туралы қаулы шығарды

Тапсырма:

1. УПИ А әрекетінің заңдылығын анықтаңыз.
2. УПИ көмекшісі өз атынан қаулы шығаруға құқығы бар ма?

№ 3 Есеп.

Қазыбек би аудандық әкімінің шешімі бойынша, Орталық ПБ Ермеков көшесі № 5 бес қабатты үйдің төрінші қабатынан учаскелік полиция тірегін ашу үшін пәтер бөлінді. Бірақ бұл шешіммен Орталық ПБ басшылығы келіспей жоғары тұрған, яғни облыс әкімиятына хат жолдады.

Тапсырма:

1. Жағдайға талдау жасаңыз.
2. Қазыбек би аудандық әкімінің шешімінің заңдылығын анықтаңыз.
3. УПТ ашу тәртібі қандай НҚА реттеледі.

№ 4 Есеп.

Қарағанды облысы ПД бастығы, учаскелік инспекторлар қызметінің нәтижелері айына бір рет қалалық, аудандық орган бастығының, ал ПД бастығының жанындағы жедел кеңестерде жылына екі рет қаралсын деп бұйрық шығарды

Тапсырма:

1. Жағдайға талдау жасаңыз.
2. Қарағанды облысы ПД бастығының бұйрығы заңды ма?

КӨӨЖ – 1 сағат

Жоспар

1. УПИ жұмысын ұйымдастырудың негізгі элементтері.
2. Қоғамдық қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті қорғау бойынша учаскелік полицияның инспекторының міндеттері мен құқығы.

КӨЖ - 5 сағат

Курсант өздік жұмыс барысында орындау керек.

1. Осы тақырып бойынша негізгі оқу әдебиетін оқу.
2. Тәжірибелік органдардың тиімді тәжірибесімен және қосымша әдебиеттермен танысу.
3. Қызметтік дәптерлерде қысқаша конспект жасау:
 - Учаскелік полиция пунктiнiң жұмысын ұйымдастыруға жауапты учаскелік полиция инспекторларының, учаскелік полиция инспекторлары мен олардың көмекшілерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1095 бұйрығы.
4. КӨЖ конспектісін және алдағы семирнарлық, тәжірибелік сабақтардың сұрақтарына қысқаша конспект дайындау.
5. Хабарламаның тақырыбы «Ауылдық жерде УПИ қызметін ұйымдастыру»
Өзін өзі бақылау сұрақтары:
 - УПИ құқықтық жағдайын регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді атаңыз;
 - УПИ құқықтық жағдайының полицияның басқа қызметінің қызметкерлерінен айырмашылығы;
 - УПИ жұмысын ұйымдастырудың ерекшелігі;
 - УПИ халықпен өзара әрекетінің нысандары;
 - УПИ профилактикалық есебінде тұратын адамдардың санатын атаңыз.
6. Сабаққа арналған дидактикалық материалдары (дәріс, семинар, нормативтік актілер конспектілері). Тестілік тапсырмаларды шешуге дайын болу.

Әдебиеттер: 3, 4, 6, 7, 10, 11, 12, 16, 17, 18, 21, 22, 23, 25, 28, 31, 32, 33, 34, 40, 41, 49, 55, 61, 62, 64, 71, 72, 73, 74, 75.

14 тақырып. Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының, қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу мен жолын кесу бойынша ПО-ның жұмысын ұйымдастыру.

Дәріс – 1 сағат

Жоспар

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың жолын кесу және ескерту бойынша полицияның функциялары және міндеттері.

2. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың жолын кесу және ескерту бойынша кәмелетке толмағандар ісі бойынша бөлімдердің жұмысын ұйымдастыру.

Дәріс тезистері

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың жолын кесу және ескерту бойынша полицияның функциялары және міндеттері.

КТІ УПИ:

кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға, зерделеуге, жоюға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асырады;

құқық бұзушылық жасауға бейім кәмелетке толмағандарды, тәрбиелеу бойынша міндеттерін орындамайтын ата-аналарды немесе заңды өкілдерін анықтайды және оларды профилактикалық есепке және бақылауға қояды;

кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар профилактикасы бойынша мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асырады;

учаскелік полиция инспекторларымен бірлесіп, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қамтамасыз етуге, құқық бұзушылықтар профилактикасына, жасөспірімдер арасындағы қадағалаусыздық пен панасыз қалуға байланысты мәселелер бойынша тұрғындармен кездесуге қатысады;

арнайы білім беру ұйымдарына және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандарға қатысты, кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және (немесе) қарау бойынша өздерінің міндеттерін орындамайтын не олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін ата-аналарға немесе заңды өкілдеріне қатысты ата-аналық құқығынан айыруға не шектеу қоюға арналған материалдарды дайындауға қатысады;

жазаларға және қоғамнан оқшаулауға байланысты емес қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларына сотталған кәмелетке

толмағандардың өмір сүру салтын және мінез-құлқын бақылауды қамтамасыз етуде пробация қызметіне көмек көрсетеді;

ЖПҚ бастығы бекіткен кестеге сәйкес азаматтарды қабылдауды жүзеге асырады. Азаматтарды қабылдауды есепке алу осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтарды қабылдауды есепке алу журналында жүргізіледі;

ПО үшін қызығушылық тудыратын адамдар және фактілер туралы маңызды ақпараттар жинақтауды жүзеге асырады, бұл туралы баянатпен ПО басшылығын немесе ПО тиісті бөліністерін дереу ақпараттандырады. Басшылықтың бұрыштамасы бар баянаттың көшірмесі және олар бойынша тексеру нәтижелері жинақтау ісінде тігіледі.

азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын құқыққа қарсы қолсұғушылықтан қорғайды;

құқыққа қарсы қолсұғушылықтардан, оқиғалардан және жазатайым оқиғалардан зардап шеккен, сондай-ақ көмекке мұқтаж не олардың өміріне және денсаулығына қауіпті өзге де жай-күйдегі жеке тұлғаларға көмек көрсетеді;

әкімшілік құқық бұзушылықты анықтайды және жолын кеседі, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша өндірісті жүзеге асырады;

адамның қадір-қасиетін және қоғамдық өнегені қорлайтын мас күйде қоғамдық орындарда жүрген ата-ананы немесе заңды өкілдерді немесе кәмелетке толмағанды медициналық ұйымдарға немесе ішкі істер органдарына жеткізеді;

үш жастан он сегіз жасқа дейін қадағалаусыз қалған балаларды, сондай-ақ ата-ананың немесе заңды өкілдердің қамқорлығынсыз қалған балаларды Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына (бұдан әрі – КТБО) жеткізеді;

қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамдарды ұстайды;

қылмыстық теріс қылықтар бойынша сотқа дейінгі өндірісті жүзеге асырады;

жеке және заңды тұлғалардан Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауды, құқыққа қарсы әрекеттерді тоқтатуды талап етеді, осы талаптар орындалмаған жағдайда тиісті мәжбүрлеу шараларын қолданады;

жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттарын тексереді;

өндірістегі материалдар мен істер бойынша жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін ПО-ға шақыруға, олардан түсініктемелер және айғақтар, құжаттар, олардың көшірмелерін алады, ол келмеген жағдайда, белгіленген тәртіпте еріксіз келтіртеді;

жеке және заңды тұлғаларға орындау үшін міндетті ұйғарымдар, қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы ұсынымдар шығарады;

материалдық шығын келтірілген жағдайда оны Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіпте өтей отырып, қылмыстық құқық бұзушылық жасауда күдікті адамдардың ізіне түсу, төтенше немесе әскери жағдайдың әрекет етуі кезінде, әскери қақтығыс жағдайларында, төтенше жағдайларды жою кезінде оқиға орнына бару, егер уақытты созу адамдардың өмірі мен денсаулығына шынайы қатер тудыратын болса, медициналық ұйымдарға шұғыл медициналық көмекке мұқтаж адамдарды жеткізу үшін көліктің кез келген түрін (дипломатиялық иммунитетке ие шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар өкілдіктерінің көлік құралдарынан басқа) пайдаланады;

қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықты жасау фактілерін және ПО қызметкерлерінің іс-қимылын тіркеу үшін техникалық құралдарды пайдаланады;

әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін адамдарды ПО-ға жеткізеді;

қару-жаракты, оқ-дәрілерді, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды, сондай-ақ тыйым салынған өзге де заттарды алады;

қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық жасауда күдіктілерді, жеке тұлғаның қауіпсіздігіне қатер төндіретін не онда әкімшілік және құқық бұзушылық жасалғандығы немесе жасалып жатқандығы, жазатайым жағдай орын алғандығы, дүлей зілзалалар, апаттар, эпидемия, эпизоотия және жаппай тәртіпсіздіктер кезінде жеке тұлғалардың жеке қауіпсіздігін және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жеткілікті деректер болған кезде тұрғын үй мен өзге де үй-жайларға, аумаққа және жер учаскелеріне (дипломатиялық иммунитетке ие шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар өкілдіктерінен басқа) кедергісіз кіреді;

егер олардың болуы баланың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін болса, жеке тұлғалардың баспаналарға кіруге немесе онда болуға шектеу қояды, уақытша тыйым салады;

профилактикалық есепте тұратын адамдарды криминалистикалық есепке қою үшін ПО-ға жеткізеді, суретке түсіреді, дактилоскопиядан өткізеді, дыбыс, кино-бейне түсірілім жүргізеді.

2. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың жолын кесу және ескерту бойынша кәмелетке толмағандар ісі бойынша бөлімдердің жұмысын ұйымдастыру.

Білім беру ұйымдарына бекітілген КТІ УПИ-ға және КТІ УПИ-ға жалпы басшылықты кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі бөліністің (бұдан әрі – КТІБ) бастығы жүзеге асырады, ол әкімшілік учаскеге бекітілмейді. Көрсетілген лауазым жоқ және КТІБ УПИ саны 7 бірліктен аспайтын ПО-да КТІБ аға учаскелік инспекторы да әкімшілік учаскеге бекітілмейді.

КТІ УПИ өзінің жұмысын КТІБ жұмыс жоспарларына сәйкес ұйымдастырады. Жоспарланған іс-шаралар, ЖПҚ басшылығынан алынған тапсырмалар туралы жұмыс дәптеріне күн сайын жазба жүргізеді.

КТІ УПИ және білім беру ұйымдарына бекітілген УПИ әр айдың қорытындысы бойынша 1 күніне атқарылған жұмыс туралы анықтаманы толтырады, ол жинақтау үшін КТІБ бастығына (аға инспекторына) ұсынылады.

Білім беру ұйымдарының білім алушылары арасындағы білім беру ұйымына бекітілген КТІ УПИ жұмысы білім беру ұйымдарының педагогикалық ұжымдарымен өзара іс-қимыл жасасуда және білім беру ұйымының басшысы мен ЖПҚ бастығының орынбасары бекіткен әр оқу тоқсанына құрылған бірлескен іс-шаралар жоспарына сәйкес құрылады.

Бірлескен жұмыс жоспарында білім алушылармен және олардың ата-аналарымен жеке профилактикалық жұмыс жүргізу, құқықтық сауаттылықтарын арттыру, білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру, рейдтік іс-шаралар, сондай-ақ кәметке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтар профилактикасына бағытталған, оның ішінде каникул кезеңінде өзге де іс-шаралар өткізу қамтылады.

Әр оқу тоқсанының қорытындысы бойынша білім алушылар арасындағы құқық бұзушылықтардың жай-күйі, сондай-ақ білім беру ұйымында білім алушылар арасындағы профилактикалық жұмыстың тиімділігін арттыру бойынша білім беру ұйымының басшылығы үшін ұсыныстары бар білім беру ұйымында құқық бұзушылықтар профилактикасына бағытталған нақты іс-шаралар туралы анықтама еркін түрде жазылады.

Оқу жылы аяқталғаннан кейін ЖПҚ мен білім беру ұйымы басшылығының қатысуымен, мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдерін шақыра отырып, білім беру ұйымына бекітілген КТІ УПИ мен білім беру ұйымының бірлескен жұмысының нәтижелері қаралады.

Білім алушылар тарапынан қылмыстық құқық бұзушылықтар жасалған кезде білім беру ұйымының Профилактика жөніндегі кеңесінің отырысын өткізуге дереу бастамашылық етеді. Отырыстың нәтижелері бойынша заңнамада көзделген ден қоюдың тиісті шаралары әзірленеді.

Білім алушылар арасындағы құқық бұзушылықтар профилактикасы мақсатында КТІ УПИ:

білім алушылармен және олардың ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен профилактикалық әңгімелесулер жүргізеді, олардың тұрғылықты жеріне барады;

білім беру мекемелерінің жауапты қызметкерлерімен бірлесіп, білім алушылардың заңға бағынушылығын қалыптастыруға бағытталған құқықтық насихат, ақпараттық-ағарту жұмысы бойынша іс-шаралар өткізеді;

оқу орнының педагогикалық ұжымын тарта отырып, білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында құқық бұзушылықтарды

анықтауға және жолын кесуге бағытталған профилактикалық іс-шараларды ұйымдастырады;

каникул кезеңінде білім беру мекемелері білім алушыларының демалысы мен бос уақытын ұйымдастыруға қатысады;

білім алушылар арасындағы қадағалаусыздықтың, алкоголизмнің және нашақорлықтың алдын алу мәселелерінде білім беру мекемелерінің педагогикалық ұжымына ұйымдастырушылық және құқықтық көмек көрсетеді;

білім беру мекемесінің аумағында бұқаралық іс-шаралар, сондай-ақ білім алушылардың қатысуымен білім беру ұйымынан тыс жерлерде іс-шаралар өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етеді;

құқық бұзушылықтар және қоғамға қарсы өзге де әрекеттер жасайтын, алкогольдік ішімдіктерді, психотроптық және есеңгірететін заттарды пайдаланатын білім алушыларды анықтайды, бұл туралы білім беру ұйымының басшылығына дереу хабарлайды.

балаларға қарау, оларды тәрбиелеу, оқыту бойынша міндеттерін орындамайтын, балаларға қатігездікпен қарайтын немесе оларды қылмыстық құқық бұзушылықтар мен қоғамға қарсы әрекеттер жасауға тартатын ата-аналарды немесе заңды өкілдерді анықтайды;

білім беру ұйымдары білім алушыларының қадағалаусыз қалуына, құқық бұзушылықтар мен қоғамға қарсы өзге де әрекеттер жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтайды;

кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту немесе қарау бойынша міндеттерді орындамайтын, сондай-ақ олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін кәмелетке толмағандардың ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің, сондай-ақ ПО есебінде тұрған кәмелетке толмағандардың тұрғын үй-тұрмыстық жағдайын зерттеуге қатысады;

арнайы білім беру ұйымдарына, оның ішінде ерекше режимде ұстайтын оқу орындарына жіберу үшін оқудан қасақана жалтырған, қылмыстық жауапкершілік жүктелетін жасқа жетпей, қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған кәмелетке толмағандарға материалдарды сотқа немесе кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға дайындайды;

өздерінің балаларын тәрбиелеу, қарау және оқыту бойынша міндеттерін орындамайтын немесе тиісті деңгейде орындамайтын ата-аналарға немесе заңды өкілдерге қатысты материалдарды жинақтау және кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға жолдау бойынша ата-ана құқығынан айыруға не шектеуге сотқа өтініш дайындау үшін көмек көрсетеді;

білім беру ұйымдарында соттың және кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның көшпелі отырыстарын өткізуге көмек көрсетеді;

құқық қорғау бағытындағы балалар қозғалысының жұмысына көмек көрсетеді.

Әдебиеттер: 3, 4, 6, 7, 10, 11, 21, 28, 31, 32, 33, 34, 40, 41, 49, 62, 64, 71, 72, 73, 74, 75.

Семинарлық – 2 сағат

(сұрау-жауап нысаны, талқылау)

Жоспар

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың жолын кесу және ескерту бойынша кәмелетке толмағандар ісі бойынша полицияның учаскелік инспекторларының міндеттері және құқықтары.

2. КТІБУПИ жұмысын ұйымдастыру тәртібі. Кәмелетке толмағандармен жасалатын әкімшілік құқық бұзушылықтар.

Тәжірибелік – 1 сағат.

(сұрау-жауап нысаны, талқылау)

Жоспар

№ 1 Есеп.

Михайлов ПБ КТІЖ УПИ полиция капитаны А., алкогольдік ішімдіктерді, есірткі құралдарын, психотроптық және күшті әсер ететін өзге де заттарды теріс пайдаланатын кәмелеттік жасқа толмаған И., профилактикалық және бақылау есебіне қойғаннан кейін бес тәулік ішінде кәмелетке толмағанды жедел бақылауды қамтамасыз ету үшін, криминалдық полицияға ол туралы шолу анықтама жіберді.

Тапсырма:

1. Жағдайға талдау жасаңыз.
2. Криминалдық полицияға шолу анықтама қандай мерзімде жіберілуі тиіс?
3. Кәмелеттік жасқа толмағандарды профилактикалық есепке қою тәртібі қандай?

№ 2 Есеп.

Ермеков көшесі 15 үй 6 пәтерде тұратын кәмелеттік жасқа толмаған А аса ауыр қылмыс жасағаны үшін, сол мекен жайда қызмет ететін КТІЖ УПИ полиция капитан Р., қатысты Қарағанды қ. ПБ ҚҚБ бастығымен қызметтік тексеру жүргізілді. Қызметтік тексерудің қорытындысы процессуалдық шешім қабылданғаннан кейін 15 күн ішінде облыстық ПД жіберілді.

Тапсырма:

1. Жағдайға талдау жасаңыз.
2. Қарағанды қ. ПБ ҚҚБ бастығының әрекеті заңдыма.

3.Қызметтік тексерулердің қорытындысы ПД, ПМ қандай мерзімде жіберілуі керек?

№ 3 Есеп.

Орталық ПБ КТІЖ учаскелік инспекторы Р., жиі әкімшілік құқық бұзушылық жасайтын кәмелеттік жасқа толмаған А., профилактикалық есепке алды. Осы ақпаратты учаскелік инспектор қызметтік құпия деп жергілікті атқарушы органдар жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға хабарлаған жоқ.

Тапсырма:

1. Жағдайға талдау жасаңыз.
2. КТІЖ УПИ әрекеті заңды ма?

КООЖ – 2 сағат

Жоспар

1. Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарын ескертудің әкімшілік – құқықтқ құралдарын сипатаңыз.

2. Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарын және қадағалаусыздығын профилактика жүйесін қандай мекемелер мен органдар құрады.

КӨЖ – 4 сағат

Курсант өздік жұмыс барысында орындау керек.

1. Осы тақырып бойынша негізгі оқу әдебиетін оқу.
2. Тәжірибелік органдардың тиімді тәжірибесімен және қосымша әдебиеттермен танысу.
3. Қызметтік дәптерлерде қысқаша конспект жасау:
 - Қазақстан Республикасының 2004.09.07. «Балалардың қадағалаусыз қалуын және жасы кәмелетке толмағандармен жасалатын құқық бұзушылықтарды ескерту туралы» Заңы.
 - Ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1098 бұйрығы.
4. КӨЖ конспектісін және алдағы семирнарлық, тәжірибелік сабақтардың сұрақтарына қысқаша конспект дайындау.
5. Хабарламаның тақырыбы «Ауылдық жердегі кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі учаскелік инспектордың қызметін ұйымдастыру»
Өзін өзі бақылау сұрақтары:

1. ПО жеке профилактикалық жұмыс жүргізетін адамдардың санаттарын атаңыз.

2. Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына кәмелетке толмағандарды жеткізу тәртібі.

3. Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына кәмелетке толмағандарды ұстау мерзімі.

4. Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына кәмелетке толмағандарды босату тәртібі.

5. Кәмелетке толмағандар ісі бойынша бөлімшелердің негізгі функцияларын атаңыз.

6. Сабакқа арналған дидактикалық материалдары (дәріс, семинар нормативтік актілер конспектілері). Тестілік тапсырмаларды шешуге дайын болу.

Әдебиеттер: 3, 4, 6, 7, 10, 11, 21, 28, 31, 32, 33, 34, 40, 45, 41, 49, 62, 64, 71, 72,73,74,75.

15 тақырып. «ПО-ның көші-қон полициясының қызметін ұйымдастыру»

Дәріс – 1 сағат

Жоспар

1. Көші-қон полициясының функциялары, міндеттері және құқықтық негізі.

2. Көші-қон полициясының қызметін ұйымдастыру және жүйесі, құрлымы.

Дәріс тезистері

1. Көші-қон полициясының функциялары, міндеттері және құқықтық негізі.

Қазақстан Республикасындағы шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және соған сәйкес шетелдіктердің негізгі құқықтары мен міндеттерін, олардың Қазақстан Республикасына келуінің, аумағында болуының, жүріп тұруының және Қазақстан Республикасынан кетуінің тәртібін айқындайды.

Шетелдік азаматтар Қазақстан Республикасына жарамды төлқұжатымен немесе оны алмастыратын құжаттарымен, егер сәйкес жақтардың шарттарында өзгеше көрсетілмесе Қазақстан Республикасының өкілетті мемлекеттік органдарымен берілген Қазақстан Республикасының рұқсатаамасы болған жағдайда келіп, кете алады.

Қазақстан Республикасының рұқсатнамасын беру және ресімдеу тәртібі виза беру мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының арнайы нормативтік құқықтық кесімдермен реттеледі.

Шетелдік азаматтардың және азаматтығы жоқ адамдардың келуінің, болуының Қазақстан Республикасында босқын мәртебесін алуы туралы өтініштері, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуін босқындардың келуі мәселесін реттейтін Қазақстан Республикасының арнайы нормативтік кесімдері реттейді.

Қазақстан Республикасында шетел азаматтары болып танылатын адамдар Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын және өзге мемлекеттің азаматығында екенін дәлелдей алса болып саналады.

Қазақстан Республикасының азаматы болып танылмайтын адамдар және басқа мемлекеттің де азаматтығында барқ екенін дәлелдей алмаған жағдайда азаматтығы жоқ тұлға болып табылады.

Шетелдіктер Қазақстан Республикасының заңдары мен халқаралық шарттары белгіленген негіз бен тәртіпте Қазақстан Республикасында еңбек қызметімен шұғылдана алады. Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек ету бостандығына конституциялық құқығын іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында заң актілерімен шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасында еңбек қызметін жүзеге асыруы жөніндегі шектеулер белгіленуі мүмкін.

Қазақстан Республикасына жеке істері бойынша, сондай-ақ іс мақсаттарымен, оқуға немесе турист ретінде келген шетелдік азаматтар Қазақстан Республикасы аумағында жұмысқа қабылданбауы мүмкін, рұқсатнамада көрсетілген Қазақстан Республикасының заң кесімдерінде көрсетілген жағдайлардан басқа келу мақсатына байланысы жоқ басқа да қызметтермен айналысуға тыйым салынады.

Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін лицензиясыз тартуға (әкелуге), сондай-ақ уақытша келген шетелдіктердің тиісті рұқсатсыз еңбек қызметін асыруына тыйым салынады.

Осы нұсқауда көрсетілгендей Қазақстан Республикасында бекіткен егерде халықаралық шартта басқада заңдылықпен көрсетілсе, халықаралық шарттың заңы қолданылады.

2. Көші-қон полициясының қызметін ұйымдастыру және жүйесі, құрлымы.

Көші-қон полиция бөлімшелерінің қызметкерлері:

Қазақстан Республикасындағы қала, аудан аумағында тұратын, сондай-ақ Ережені бұзушы шетелдіктерді есепке алуды жүргізу;

Қазақстан Республикасындағы шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы заңдылықтарын және белгіленген Ережені кәсіпорынның, мекеменің және ұйымның лауазымды тұлғаларына, теміржол, теңіз, өзен, әуе және автокөлік кассаларының қызметкерлеріне, автошаруашылықтың жүргізуші

құрамына, сондай-ақ қонақ үй, кемпинг, санаторий, демалыс үйлері, турбаза, сондай-ақ Қазақстан Республикасына шетелден қонақ шақырушы қазақстандық азаматтарға түсіндіру;

Қазақстан Республикасындағы шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы белгіленген Ережені және осы Нұсқаудың кейбір керекті бөліктері туралы заңдылықтарды талап ету үшін шетелдіктерді қабылдаушы және қызмет көрсетуші мекемелердің, ұйымдар мен кәсіпорындардың лауазымды тұлғаларына тоқсандық тексеріс жүргізіледі;

қабылдаушы ұйым өкілдерінің қатысуымен қонақ үй, кемпинг, санаторий, демалыс үйлерін, студенттік қалашықтарды, тұратын турбаза мәселелерін және шетелдіктердің келуін тексеру және есепке алу жүргізіледі;

полиция инспекторларымен бірге тұрақты тұратын шетелдіктердің, сондай-ақ ішкі істер органдарының рұқсатынсыз келген, тіркеусіз тұратындарға тексеріс жүргізіледі;

Қазақстан Республикасына келген шетелдіктердің төлқұжаттарын тіркеуді рәсімдейді;

олардың Ережені сақтауын және уақытында Қазақстан Республикасынан кетуін сақтауды ұйымдастыру үшін полиция учаскелік инспекторын 48 сағат мерзімге, Қазақстан Республикасында болуға шақырту алушыларды таныстырады;

қылмыс жасағандықтан мемлекетаралық іздеу салуға жарияланған және ішкі істер органдарының тіркеуінен жасырынушы шетелдіктерді іздеуді және оларды ұстауы, өз құзырының шегі Қазақстан Республикасының заңымен анықталған, криминалдық полициямен өзара әрекет жасап, әкімшілік практиканы іске асыруға қатысады;

шетелдіктердің келуін тексеруді іске асыру туралы жұмыстарын қорытандылайды, әкімшілік органдарға, Ішкі істер министрілігіне, ПД, сондай-ақ қабылдаушы ұйымдарға ақпарат үшін материалдар дайындайды;

мемлекеттік органдардың ресми сұрауы бойынша сұратылған тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтығына тиістілігі туралы мәлімет ұсынады.

ішкі істер органдарының басқа да қызмет қызметкерлеріне осы Нұсқаудың орындалуын тексеруді өз құзырына іске асырады.

Әдебиеттер: 3, 4, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 16, 17, 21, 22, 23, 25, 31, 32, 33, 34, 36, 45, 47, 48, 58, 59, 71, 72,73,74,75.

Семинарлық – 1 сағат

(сұрау-жауап нысаны, талқылау)

Жоспар

1. Шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың ҚР аумағына келу ережесіне полицияның бақылауы.
2. Көші-қон полициясының жүйесі мен құрлымы.
3. Көші-қон полициясының міндеттері.

**Тәжірибелік – 2 сағат. (Қарағанды обл.ІІД
Қабылдау-тарату орны)**

Жоспар

1. Көші-қон полицияның ІІО-ң басқа бөлімшелірімен өзара әрекеттестігі.
2. Көші-қон полиция қызметкерлерінің әкімшілік-юрисдикциялық өкілеттілігі.

КӨӨЖ – 2 сағат

Жоспар

1. Қазақстанның көші-қон саясатының негізгі бағыттары.
2. Шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың ҚР аумағына келу ережесіне полицияның бақылауы.

КӨЖ – 5 сағат

Курсант өздік жұмыс барысында орындау керек.

1. Осы тақырып бойынша негізгі оқу әдебиетін оқу.
2. Тәжірибелік органдардың тиімді тәжірибесімен және қосымша әдебиеттермен танысу.
3. Қызметтік дәптерлерге қысқаша конспект жасау:
 - ҚР 2007 ж. 12 қаңтардағы. «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» заңы.
4. Алдағы семинарлық, тәжірибелік сабақтарының сұрақтарына қысқаша конспект дайындау.
5. Хабарламаның тақырыбы: «Шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың ҚР аумағы арқылы жүріп-тұру тәртібі».
Өзін өзі бақылау сұрақтары:
 - ҚР шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың кіру және шығу тәртібі.
 - Шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитті қауысу және келу тәртібі.
 - Шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың ҚР аумағына келу ережесіне полицияның бақылауы.
 - Көші-қон полицияның ІІО-ң басқа бөлімшелірімен өзара әрекеттестігі.
6. Сабаққа арналған дидактикалық материалдары (дәріс, семинар, нормативтік актілер конспекттері). Тестілік тапсырмаларды шешуге дайын болу.

Әдебиеттер: 3, 4, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 16, 17, 21, 22, 23, 25, 31, 32, 33, 34, 36, 45, 47, 48, 58, 59, 71, 72,73,74,75.

16 тақырып. «Лицензиялық рұқсат ету жұмысын жүзеге асыру бойынша ПО қызметін ұйымдастыру»

Дәріс – 1 сағат

Жоспар

1. Лицензиялық рұқсат ету жүйесінің құқықытқ негізі, міндеттері, мәні және түсінігі.

2. ПО-ң лицензиялық рұқсат ету жүйесін жүзеге асыру бойынша жұмысын ұйымдастыру.

Дәріс тезистері

1. Лицензиялық рұқсат ету жүйесінің құқықытқ негізі, міндеттері, мәні және түсінігі.

Ішкі істер органдарының лицензиялау-рұқсат ету жүйені жүзеге асыру бойынша басты міндеттері:

- қолданылуына ерекше тәртіп белгіленген заттар мен нәрселерді иелену, сақтау, тасымалдау және қолдану тәртібін бұзуын ескерту;

- тағайындалуы бойынша емес және қылмыстық мақсаттарда қолданылатын шығындардың, ұрлықтың және олардың қолданылуының алдын-алу;

- күзеттік қызметке бақылау жасау.

Лицензиялау-рұқсат ету жүйені жүзеге асыру бойынша ішкі істер органдарының қызметін реттемелейтін нормативтік-құқықтық актілер ішкі істер органдарының міндетіне қаруларды, оқ дәрілерді, жарылғыш заттарды иелену, сақтау, алып жүру және тасымалдау, заңнамаларда белгіленген тәртіппен тізім бойынша объектілерді ашу және онда қызмет ету тәртіптерінің сақталуын қамтамасыз ететін “Қазақстан Республикасының Ішкі Істер Органдары жөніндегі” 23.04.2014ж. Қазақстан Республикасының заңы болып табылады. Бұл қызмет басқа да заңдармен, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Ішкі Істер Министрлігінің бұйрықтарымен, қаулыларымен, ведомствалық нормативтік актілерімен анықталады [4].

Ішкі істер органдарында лицензиялау-рұқсат ету жүйені жүзеге асыру бойынша жұмысты Қазақстан Республикасы ПМ-ң әкімшілік полициясы Комитетінің лицензиялық-рұқсаттық жүйенің Басқармасы ұйымдастырады; облыстарда, үлкен қалаларда – ПД,ІБ, КІД қызметтерінің құрылымдық бөлімшелері орындайды.

Лицензиялау-рұқсат ету жүйенің инспекторларының штаттық лауазымдары жоқ ішкі істер органдарында жұмыстың осы желісі бойынша

қызметтерді, лицензиялау-рұқсат ету жүйені реттемелейтін нормативтік актілерді үйренгеннен кейін, сынақ тапсырғаннан кейін, ПД,ПБ, КІД қоғамдық қауіпсіздіктің полиция басқармасында олардың он күндік сынақтан өткеннен кейін қоғамдық қауіпсіздік бөлімінің инспекторлары және аса жақсы дайындалған кәсіби қатынастағы аймақтық полиция қызметкерлері жұмыс істейді.

Лицензиялау-рұқсат ету жүйенің жұмыскерлерін қызметі бойынша тағайындау немесе орнын ауыстыру ПД,ПБ, КІД қоғамдық қауіпсіздіктің полиция басқармасының жетекшілерімен келісілуі керек.

Лицензиялау-рұқсат ету жүйе бойынша қызметтерді жүзеге асыратын, лицензиялау-рұқсат ету жүйенің жұмыскерлерінің қызметтерін бақылау бөлімшелердің, қоғамдық қауіпсіздіктің полиция бөлімдерінің жетекшілеріне, қалалық, аудандық ішкі істер органдарының және көліктегі ПО-ң бастықтарына жүктеледі.

Полицияның аймақтық инспекторлары лицензиялау-рұқсат ету жүйенің желісі бойынша оларға бекітілген әкімшілік аумақтары бойынша полицияның аймақтық инспекторының жұмысын ұйымдастыру бойынша нұсқамаға сәйкес шараларды жүзеге асырады.

2. ПО-ң лицензиялық рұқсат ету жүйесін жүзеге асыру бойынша жұмысын ұйымдастыру.

Рұқсаттық жүйені жүзеге асыру бойынша ПБ-ң барлық қызметі заңдылықты қатаң сақтауға негізделген. Осы қызметтерді атқаратын лауазымды тұлғалар өз жұмыстарын Қазақстан Республикасының ПМ-ң бұйрықтарына және нұсқауларына, әрекет етуші заңнамаларға сәйкес ұйымдастырады.

Лицензиялау-рұқсат ету жүйенің инспекторы өз жұмысын ПБ-ң және өзінің жоспарына сәйкес құрады. Өз қызметінде лицензиялау-рұқсат ету жүйенің инспекторы оған лицензиялау-рұқсат ету жүйенің тәртіптері таралған атыс қаруы және газ тапанша қаруы бар немесе жұмысқа өткізілген заттары мен құралдары бар азаматтар санынан қоғамдық тәртіпті бұзу жөніндегі ПО-ң кезекші бөлімінің және медициналық айықтырғыштардың ақпаратын қолдануы керек. Лицензиялау-рұқсат ету жүйе таралған заттармен және құралдармен өткізілген оперативтік қызмет жұмыскерлерінің, куәліктік ақпараттардың, тергеушілердің полицияның аймақтық инспекторларының, жалпы үй қажеттіліктерінің тұспалдаулары, ақпараттары.

Лицензиялау-рұқсат ету жүйе тәртіптері таралған, жұмысқа тұлғалардың заттармен және құралдармен өтуіне кедергі келтіретін кәсіпорын әкімшілігінен, мекемелерден, ұйымдардан, оқу орындарынан, денсаулық сақтау мекемелерінен алынған мағлұматтар міндетті түрде есепке алынады.

Лицензиялау-рұқсат ету жүйенің жұмыскері өз қызметінде:

- ПБ-ң басқа қызмет бөлімдері мен бөлімшелерінің жұмыскерлерімен, сәйкесінше министрліктердің өкілдерімен, ведомстваның, ұйымның, аңшылық ұйымдардың және қоғамдық ұйымдардың өкілдерімен өзара қарым-қатынасты жүзеге асырады.

- Лицензиялау-рұқсат ету жүйенің таралған заттар мен құралдарды иелену, сақтау, есепке алу, тасымалдау, қолдану, тіркеу тәртіптерін реттемелейтін нормативтік актілерді, сонымен қатар, бұл мақсатта бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оларды бұзғаны үшін жауапкершілік жөнінде заңнамаларды түсіндіру бойынша жұмыстар жүргізеді.

Азаматтарды, кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың өкілдерін рұқсаттық жүйенің жұмыскері қабылдау ыңғайлылығы үшін қалалық ПБ-де, бірінші қабатта орналасқан және телефондық байланыспен қамтылған жеке қызметтік бөлме бөлінеді.

Қалалық ПБ-де дәрілік өсімдік шикізатының сұрақтары бойынша азаматтарды және кәсіпорын өкілдерін қабылдау жұмасына кемінде 2 рет жүзеге асырылады, соның ішінде бір рет кешкі уақытта, сонымен қатар, айына екі рет – жұмыс істемейтін күндері.

Әдебиеттер: 2, 3, 4, 7, 8, 11, 12, 18, 19, 21, 22, 23, 25, 26, 31, 33, 34, 35.

Семинарлық – 1 сағат

(сұрау-жауап нысаны, талқылау)

Жоспар

1. Лицензиялық-рұқсат беру қызметінің түсінігі мен мәні және оны жүзеге асыру бойынша полицияның міндеттері. Лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің объектілері.
2. Атыс қаруын, оқ дәрілерді алуға, сақтауға және лицензиялық рұқсат беру жүйесінің басқа объектілеріне рұқсат және лицензия беру тәртібі.

Тәжірибелік – 2 сағат(сұрау-жауап нысаны, талқылау)

Жоспар

Бақылау сұрақтары:

1. ЛРЕЖ объектілеріне бақылауды жүзеге асыруға өкілетті ішкі істер органдарының ЛРЕЖ лауазымды тұлғаларының түрлері.
2. ЛРЕЖ ауазымды тұлғаларының әкімшілік-юрисдикциялық өкілеттілігі.
3. Лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің объектілеріне бақылау. ПО (полициямен) лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің объектілерін тіркеу тәртібі.

№ 1 Есеп.

Азамат К., Германияға тұрғылықты мекен жайға көшіп бара жатып өзіне тиесілі тегіс ұңғылы аңшылық қаруын балдызы Ш., туылған күніне сыйлық ретінде қалдырып кеткен. Учаскелік полиция инспекторы М., лицензиялық рұқсат ету жүйесін тексеру барысында. Азамат Ш., қаруды тәркілеу туралы хаттама толтырды, сонымен қатар әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырды.

Тапсырма:

1. Жағдайды талдаңыз.
2. УПИ әрекеті заңды ма?
3. Атыс қаруын сақтау тәртібі.

№ 2 Есеп.

Учаскелік полиция инспекторы М., өзінің қызмет ететін учаскесінде тұратын аңшылық қару иесі азамат Қ., тұрғылықты мекен жайынан тексеру барысында, Қ., ұзақ іс-сапарға кетер алдында, өзіне тиесілі аңшылық қаруын рұқсатымен бірге өзінің ағасына сақтауға қалдырып кеткенін анықтады.

Тапсырма:

1. Жағдайды талдаңыз.
2. Осы жағдайда УПИ М., әрекетін анықтаңыз.
3. Атыс қаруын сақтау тәртібі.

№ 3 Есеп.

Атыс тирінде қаруды сақтау жағдайын тексеру барысында, спорттық қару тирдің жер төлесінде сақталатыны және оның кілті күзетшіде бар екені анықталды.

Тапсырма:

1. Жағдайды талдаңыз.
2. Атыс тирін ашуға рұқсатты алу тәртібі.
3. Атыс қаруын сақтау жағдайы.

№ 4 Есеп.

Газдық қаруды сақтауға және алып жүруге рұқсаты бар азамат Б., қоғамдық орында мас күйінде болған, сонымен қатар ұсақ бұзақылық үшін тұрғылықты мекен жайы бойынша бірнеше рет полиция бөліміне жеткізілген.

Тапсырма:

1. Жағдайды талдаңыз.
2. Қару сақтаудың және алып жүрудің рұқсаты қандай жағдайларда күші жойылады?

№ 5 Есеп.

Учаскелік полиция инспекторы К., азамат П., белгіленген мерзімде қаруын қайтадан тіркемегені үшін, тегіс ұңғылы аңшылық қаруын тәркілеп оған әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырды.

Тапсырма:

1. Жағдайды талдаңыз.
2. Аңшылық атыс қаруын тіркеу және қайта тіркеу тәртіпін анықтаңыз.
3. Аңшылық атыс қаруын сақтау тәртібін айтыңыз.

№ 6 Есеп.

Учаскелік полиция инспекторы М., паспорттық режимді тексеру кезінде, азамат Қ., пәтерінен тегіс ұңғылы аңшылық қаруын тәркіледі, себебі ол құрал-саймандарға арналған жәшікте оқ-дәрілермен бірге сақталған. УПИ М., құқық бұзушыға ертең УПТ осы сұрақты шешу үшін келесін деп шақырту қағазын беріп кетті.

Тапсырма:

1. Жағдайды талдаңыз.
2. УПИ М., әрекеті заңды ма?
3. Лицензиялау рұқсат ету жүйесін жүзеге асыру бойынша учаскелік полиция инспекторының өкілеттілігін анықтаңыз.

КӨӨЖ – 2 сағат

Жоспар

1. Лицензиялау-рұқсат ету жүйені жүзеге асыру бойынша ішкі істер органдарының бақылау-қадағалауды жүзеге асыруды ұйымдастыру.
2. Лицензиялау-рұқсат ету жүйе объектілерін бақылаудың ұйымдастырушылық-құқықтық нысандары.
3. Лицензиялау-рұқсат ету жүйенің тәртіптерін бұзғаны үшін жеке және заңды тұлғалардың жауапкершілігі

КӨЖ – 5 сағат

Тыңдаушы өздік жұмыс барысында орындау керек.

1. Осы пән бойынша негізгі оқу әдебиеттерін оқу.
2. Тәжірибелік органдардың тиімді тәжірибесімен және қосымша әдебиеттермен танысу.
3. Қызметтік дәптерлерде қысқаша конспект жасау:
 - ҚР 1998 ж 30 желтоқсандағы «Жекеленген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» заңы.
 - ҚР ПМ 2003 ж 01 наурыздағы №111 «Ішкі істер органдарының лицензиялау-рұқсат ету жұмысын жүзеге асыру жөніндегі жұмысы туралы» нұсқаулықты және «Ішкі істер органдарында алынып қойылған, ерікті түрде тапсырылған, тауып алынған қарулар мен оқ-дәрілерді, Жарылғыш заттар мен материалдарды, оқ дәріні, суық қаруды қабылдап алу, есепке алу, сақтау

және сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстың тәртібі туралы» ережені бекіту туралы» бұйрығы.

4. Алдағы семинарлық және тәжірибелік сабақтардың сұрақтарына қысқаша конспект дайындау.

5. Хабарламаның тақырыбы: «Лицензиялық рұқсат беру жүйесінің объектілерне ПО-ң бөлімшелерінің бақылау нысандары ».

Өзін өзі бақылау сұрақтары:

1. Лицензиялық рұқсат беру жүйесін жүзеге асыру бойынша полицияның функцияларын және негізгі міндеттерін атаңыз.

2. Полициямен жүзеге асырылатын рұқсат беру жүйесі қандай объектілердің шеңберіне қоланылады?

3. Рұқсат беру жүйесінің объектілерін ашуға және жұмыс істеуге ПО қандай тәртіппен рұқсат береді?

4. Полиция қызметкерлерімен рұқсат беру жүйесінің объектілерін тексеру қалай жүзеге асырылады?

5. Рұқсат беру жүйесінің ережелерін бұзаған үшін қолданылатын әкімшілік ықпал ету шараларын атаңыз.

6. Сабаққа арналған дидактикалық материалдары (дәріс, семинар, нормативтік актілер конспектілері). Тестілік тапсырмаларды шешуге дайын болу.

Әдебиеттер: 2, 3, 4, 7, 8, 11, 12, 18, 19, 21, 22, 23, 25, 26, 31, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 41, 47, 48, 58, 59, 64, 67, 71, 72,73,74,75.

17 тақырып. Қоршаған ортаны қорғау бойынша ПО қызметтерінің және бөліністерінің қызметін ұйымдастыру.

Семинарлық – 1 сағат

(сұрау-жауап нысаны, талқылау)

Жоспар

1. Қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды қорғауда ПО маңызы мен ролі.

2. ПО Табиғатты қорғау полициясы: жүйесі, құрлымы, міндеттері және функциялары.

Тәжірибелік – 1 сағат(сұрау-жауап нысаны, талқылау)

Жоспар

Бақылау сұрақтары:

1. Полицияның табиғатты қорғау қызметінің түсінігі және оның қызметінің объектілері.

2. Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қолдану аясында,

карантиндік ережелер және мал-дәрігерлік бақылау саласында құқық бұзушылықтардың жолын кесу және профилактикасы.

№ 1 Есеп.

Қарағанды облысы ІД Шет АІБ УПІ полиция капитаны Т., және полиция аға лейтенанты К., балық аулауға тыйым салынған құралдармен және ешқандай құжаттарсыз сол ауданның жерінде орындалған су қоймасынан балық аулауды жүзеге асырып жатқан. Балық аулау кезінде оларды табиғатты қорғау полициясының қызметкерлері ұстап тиісті құжаттарды толтырған. УПІ Т., және К., біз ІО қызметкерлеріміз, яғни олар полиция қызметкерлеріне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтыруға құқықтары жоқ деп материалға қол қойудан бас тартқан.

Осы жағдай бойынша толтырылған әкімшілік материалдар жұмыс орындары бойынша АІО және процессуалдық шешім қабылдау үшін сотқа жіберілді.

Тапсырма:

1. Жағдайға талдау жасаңыз.
2. Табиғатты қорғау полициясының қызметкерлерінің әрекеттерінің заңдылығын анықтаңыз.
3. ІО қызметкерлеріне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы толтыру тәртібі қандай?
4. Осы жағдайда ІО қызметкерлері қандай жауапкершілікке тартылады?

№ 2 Есеп.

Қарағанды облысының ІД табиғатты қорғау полициясының инспекторы полиция майоры Т., екі балықшыны ұстады, олар балық аулауға тыйым салынған уақытта сазан балығын аумен ұстаған.

Инспектор Т., Сол жерде балықшыларға әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырды және материалдарды соттың қарауына жіберді. Бірақ сотта істі қарау кезінде, балықшылар балықты аумен емес қармақпен аулады және осы іс бойынша куәгерлер жоқ деп айытты.

Тапсырма:

1. Жағдайға талдау жасаңыз.
2. Табиғатты қорғау полициясының қызметкерінің әрекетінің заңдылығын анықтаңыз.
3. Осындай құқық бұзушылық жасалған кезде қандай процессуалдық құжаттар толтырылады?
4. Инспектор Т істің материалдарын рәсімдеу кезінде қандай қателік жасады?

№ 3 Есеп.

УПИ К. және табиғатты қорғау полициясының инспекторы И. бірлесіп рейд жүргізу кезінде екі аңшы ұсталды, олар ешқандай тиісті құжаттарсыз елік атқан. УПИ және инспектор аңшыларды ұстап әкімшілік істің материалдарын толтырып аң аулау құралын тәркілеп, оларға орнында айыппұл төлеу туралы түбіртек берген. Аңшылар қаруын қайтаруын талап еткен, егер қатармаса олар айыппұл төлеуден бас тартамыз деген.

Тапсырма:

1. Жағдайға талдау жасаңыз.
2. Қаруды тәркілеу кезінде полиция қызметкерлерінің әрекеттерінің заңдылығын анықтаңыз.
3. Осындай әкімшілік құқық бұзушылық жасалған кезде қандай процессуалдық құжаттар рәсімделеді?
4. Құқық бұзушылық жасаған орнында әкімшілік жаза қолдануға осы қызметкер құқылы ма?

№ 4 Есеп.

Қарағанды қ. ПБ бұйрығымен табиғатты қорғау полициясының қызметкерлері қаланың көшелерінде құғамдық тәртіпті қорғауға жұмылдырылған. Бұл бұйрықпен бөлім бастығы, олар тек ПД қызмет жөніндегі орынбасарына бағынамыз, сондай-ақ қаланың көшелерінде ҚТҚ олардың функционалдық міндеттеріне кірмейді деп келіспеген.

Тапсырма:

1. Жағдайға талдау жасаңыз.
2. ҚПБ бастығының бұйрығын орындаудан бас тартқан табиғатты қорғау полициясының бөлім бастығының бас тартуының заңдылығын анықтаңыз.
3. ҚПБ құрлымын көрсетіңіз?
4. Табиғатты қорғау полициясының қызметкерлерінің функцияларын және міндеттерін көрсетіңіз.

КООЖ – 1 сағат

Жоспар

1. ПО Табиғатты қорғау полициясының, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы құқық бұзушылықтармен күресті жүзеге асыру басқа органдармен өзара әрекеттестігі.

2. ПО Табиғатты қорғау полициясының қызметін ұйымдастыру және құқықтық жағдайы.

КӨЖ – 5 сағат

Курсант өздік жұмыс барысында орындау керек.

1. Осы тақырып бойынша негізгі оқу әдебиетін оқу.

2. Тәжірибелік органдардың тиімді тәжірибесімен және қосымша әдебиеттермен танысу.

3. Қызметтік дәптерлерге қысқаша конспект жасау:

- ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы № 1458 «ҚР аумағында аң аулау ережесін бекіту туралы» Қаулысы.

- Табиғатты қорғау іс-шараларына қатысу бойынша ішкі істер органдарының жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1096 бұйрығы. Бұйрығы.

4. Алдағы семинарлық сабақтың сұрақтарына қысқаша конспект дайында.

5. Хабарламаның тақырыбы: «Табиғатты қорғау полиция қызметкерлерінің әкімшілік-юрисдикциялық өкілеттілігі».

Өзін өзі бақылау сұрақтары:

1. ПО табиғатты қорғау қызметінің түсінігін анықтаңыз.

2. Қоршаған ортаны қорғау бойынша ПО қызметінің тәртібі және ұйымдастыру.

3. Қоршаған ортаны қорғау сұрақтары бойынша ПО бөліністерінің қоғамдықпен әрекеттестігінің нысандары.

4. Табиғатты қорғау полиция қызметкерлерінің міндеттері мен құқығы.

6. Сабаққа арналған дидактикалық материалдары (дәріс, семинар, нормативтік актілер конспектілері). Тестілік тапсырмаларды шешуге дайын болу.

Әдебиеттер: 2, 3, 4, 7, 11, 13, 16, 18, 20, 22, 31, 32, 35, 41, 42, 45, 48, 60, 63, 64, 71, 72,73,74,75.

18 тақырып. ПО жол-патрульдік полициясының жұмысын ұйымдастыру.

Семинарлық – 1 сағат

(сұрау-жауап нысаны, талқылау)

Жоспар

1. Жол қозғалыс ережесін оған қатысушылармен сақтауына ішкі істер органдарының жол полициясымен жүзеге асырылатын қадағалауы.

2. Ішкі істер органдарының жол полициясының емтиханды тіркеу қызметі.

Тәжірибелік – 2 сағат(сұрау-жауап нысаны, талқылау)

Жоспар

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақстан Республикасы жол полиция органдарының құқықтық жағдайы.
2. ҚР ІІМ ЖПК бөліністерінің құрлымы, міндеттері және функциялары.
3. ЖПБ ЕТБ қызметін ұйымдастыру.
4. ЖПБ әкімшілік практика бөлімінің жұмысын ұйымдастыру.

№1 есеп.

Жол полициясының инспекторы И. кәмелетке толмағандар Б. және С. ұстады. Олар мотоциклде шлемсіз, глушителдері алынып тасталған және жолда апаттық жағдайды тудырған. Инспектор И. оларға қарсы әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырды. Мотоциклдер алынып, ақылы тұраққа қойылды.

Тапсырма:

1. Жағдайға анализ жүргізіңіз.
2. Жол полициясы қызметкерімен жүргізілген жұмыстың заңдылығын анықтаңыз
3. Құқық бұзушылықтың берілген түрі бойынша жаза беруге кім құқылы? Осы жағдайда Б. және С. қатысты қандай жаза түрлерін қолдануға болады?

№2 есеп.

Белгісіз жүргізуші қара түсті «УАЗ-469» автомашинасымен Балхаш көшесінде көшені жүгіріп өтіп бара жатқан бес жасар баланы қағып кеткен. ЖКЖ бала жеңіл жарақат алды. Жүргізуші оқиға болған жерден кетіп қалған.

Тапсырма:

1. Жағдайға талдау жүргізіңіз.
2. Жол көлік оқиғасы орынынан қашып кеткен көлік бойынша қандай ЖТЖ енгізіледі?
3. Кінәлі тұлғаны іздеу және ұстау үшін қандай күштер мен құралдарды назарға алу керек?

№3 есеп.

Азамат А., қонақтан шығып спирт ішімдігін ішуіне байланысты өз авто көлігін жүргізуге шамасы келмейтіндіктен, авто көлігін жанындағы спирт ішімдігін ішпеген мүлдем жүргізуші куәлігін алмаған досы П., жүргізуге береді. Жолда үйлеріне қайтып келе жатқанда авто көлікті жол полиция қызметкерлері тоқтатып азамат А., құқық бұзушылық жасады деп хаттама толтырады.

Тапсырма:

1. Жағдайға талдау жүргізіңіз.
2. Осы жағдайда жол полиция қызметкерлерінің әрекеті заңды ма?

№4 есеп.

«КамАЗ» автокөлігінің жүргізушісі И., бағдаршамның қызыл түсіне тоқтамай қиылысты өтіп кетеді. Осының салдарынан «Гайота камри» автокөлігімен соқтығысып жол-көлік апатын тудырады. Зардап шеккендер жоқ.

Тапсырма:

1. Жағдайға талдау жүргізіңіз.
2. Осы жағдайда қандай процессуалды құжаттарды құрастыру қажет?
3. Көрсетілген құқық бұзушылық бойынша жаза тағайындауға кім өкілетті?

№5 есеп.

22 сағат 10 минут аралығында «Ауди-80» маркалы автокөлік жүргізушісі С. от жүйесінің бұзылуы салдарынан автобус аялдмасының жанында тоқтауға мүмкін болды. Осы уақытта аялдамада тұрған троллейбустың артынан кенет жолаушысы бар мотоцикл шығып, автокөлігінен шығып келе жатқан С. азаматты қағып кетті. Оның денесін ауыр зақымдады. Осының салдарынан С. азамат сегіз ай бойы ауруханада болды және дәрігерлік комиссияның шешімі бойынша бірінші топты мүгедек деп танылды. С. азаматты қағып кеткен мотоцикл жүргізушісі анықталған.

Тапсырма:

1. Жағдайға талдау жүргізіңіз.
2. Берілген жағдайда мотоцикл жүргізушісі жауапкершілікке тартылады ма? Егер тартылса, онда қандай жауапкершілікке?
3. Мотоциклді жүргізушісінің қылмысын нығайту үшін қандай процессуалды құжаттарды толтыру қажет?
4. Зардап шегушіге берілетін физикалық және моральды зиянды қайтару тәртібі қандай? Көрсетілген жағдайда ол қолданылады ма?

КООЖ – 1 сағат

Жоспар

1. Жол қозғалысы қауіпсіздік саласында ПО функциялары мен міндеттері.
2. Жол қозғалысы қауіпсіздік саласында ПО қызметкерлерінің міндеттері мен құқығы.
3. Жол қозғалыс қауіпсіздігі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау және шешу бойынша ПО лауазымды адамдарының өкілеттілігі.

КӨЖ – 4 сағат

Курсант өздік жұмыс барысында орындау керек.

1. Негізгі әдебиетті оқу.
2. Қосымша әдебиетпен танысу.

3. Нормативтік актілердің конспектісін жасау:

-ҚР 2014.17.04. «Жол жүрісі туралы» Заңы

4. Алдағы семинарлық сабақтың сұрақтарына қысқаша конспект дайындау.

5. Өзіндік дайындық аясында ұсынылған тәжірибелік жағдайларды жазбаша түрде шешім сабақта талқылау.

6. Хабарламаның тақырыбы «Жол жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша полициясының ролі».

Өзін өзі бақылау сұрақтары:

- Жол жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік жүйенің түсінігі.

- Жол жүру қауіпсіздік жүйесінде жол полициясының ролі.

- Жол полициясының құқықтық жағдайы.

- Жол полициясының функциясы және міндеттері.

- Жол полициясының қызметкерлерінің міндеттері мен құқықтары.

- Жол полициясының бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру.

- Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті қорғау бойынша ПО (полицияның) басқа қызметтерімен және бөліністерімен жол патрульдік полициясының қарым-қатынасы.

7. Сабаққа арналған дидактикалық материалдары (дәріс, семинар, нормативтік актілер конспектілері). Тестілік тапсырмаларды шешуге дайын болу.

Әдебиеттер: 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 11, 13, 16, 24, 25, 27 36, 41, 42, 45, 48,54, 58, 60, 63, 64, 71, 72,73,74,75.

19 тақырып. Көліктегі қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз ету бойынша ПО қызметін ұйымдастыру.

Семинарлық – 1 сағат

(сұрау-жауап нысаны, талқылау)

Жоспар

1. Көліктегі ПО құқықтық жағдайы, функциялары және негізгі міндеттері.

2. Көліктегі ПО қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті қорғаудың ерекшеліктері.

Тәжірибелік – 1 сағат

(сұрау-жауап нысаны, талқылау)

Жоспар

Бақылау сұрақтары:

1. Көліктегі ПО қоғамдық тәртіптің және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ұйымдастыру.

2. Көліктегі қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті қорғау бойынша қызметтік нарядтың түрлері және олардың міндеттері.

№ 1 есеп.

Жолаушылар поездарына ілесіп жүру кезінде, КПО қызметкерлері төменде көрсетілген қандай әкімшілік мәжбүрлеу шаралар қолдануға құқықлы;

- қылмыс жасаған сезікті тұлғаларды ұстау және қамауға ұстау;
- әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін қамау;
- құрамның купесіне және басқада бөлмелеріне кедергісіз кіруге;
- азаматтардың және лауазымды адамдардың жеке басын анықтайтын құжаттарды тексеру;
- заттарды, құжаттарды тәркілеу;
- қол жүгін және багажды қарау;
- жеке тінту;
- әкімшілік ұстау мақсатымен поездің жол жүру маршрутынан түсіру.

Тапсырма:

1. Осы мәжбүрлеу шаралады топтарға бөліңіз.
2. ПО қызметкерлерімен әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолданудың тәртібі қандай?
3. Көліктегі ПО қызметкерлерінің жұмысының ерекшелігі неде?

№ 2 Есеп.

Астана-Алматы жолаушылар поезды қостау кезінде Қарағанды-Сұрыптау ЖПО қызметкерлерімен вагон купесінде спирттік ішімдік ішкені үшін үш жолаушы станцияға түсірілді. Бұл жолаушылар жол серіктің спирттік ішімдікті купеде ішуге болмайды деген ескертуіне көңіл бөлмеген. Әкімшілік құқық бұзушылық материалын толтыру кезінде, олар ЖПО қызметкерлерінің қабылдаған шешіміне және оларды поездан заңсыз түсіргені туралы наразылық білдірді. Олар өздерінің купесінде спирттік ішімдікті ішкенін және ешкімді мазалаған жоқпыз деп өздерінің наразылығын негіздеді.

Тапсырма:

1. Жағдайға талдау жасаңыз.
2. Темір жол көлігінің жолаушыларына әкімшілік құқық бұзушылық материалдарын толтырудың тәртібі қандай?
3. Жолаушылардың купесі қоғамдық орын болып табылады ма?

4. Поездан жолаушыларды аралық станцияларда түсіріп алудың негізі.

№ 3 Есеп.

Астана қаласының әуежайында отырғызу жүргізу кезінде, бір жолаушыны жеке тесеру барысында белгіленген тәртіппен тіркелген газды тапанша табылды. Көліктегі ПО қызметкерлері жолаушыға тапаншаны бөлімшеге тапсыруды ұсынды. Жолаушы полиция қызметкерлерінің қабылдаған шешімімен келіскен жоқ, себебі тапаншасы белгіленген тәртіпте тіркелген, оның құжаттары қолында және ешқандай бұзушылық жасаған жоқпын және КПО қызметкерлері оны ұстауға және тапаншаны тәркілеуге құқықтары жоқ деп өз наразылығын білдірді.

Тапсырма:

1. Жағдайға талдау жасаңыз.
2. Әуе көлігінің жолаушыларын жеке тексерудің тәртібі қандай?
3. ЖПО қызметкерлерінің әрекеттері құқылы ма?
4. Әуе кемесінде тыйым салынған заттарды тасымалдаудың негіздерінің түрлерін атаңыз?

КОӨЖ – 1 сағат

Жоспар

1. Көліктегі ПО-ның мемлекеттік және көліктегі қоғамдық құрлымдармен өзара қатынасының тәртібі.
2. Көліктегі ПО ұйымдық құрлымы.
3. Көліктегі ПО құқықтық жағдайы, функциялары және негізгі міндеттері.

КӨЖ – 4 сағат

Курсант өздік жұмыс барысында орындау керек.

1. Осы пән бойынша негізгі оқу әдебиеттерін оқу.
2. Қосымша әдебиеттермен және тәжірибелік органдардың тиімді тәжірибесімен танысу.
3. Қысқаша конспект жасау:
 - ҚР ПМ 2009 ж 21.12.№ 485 «Көліктегі ішкі істер органдарының патрульдік полициясы саптық бөліністерінің жолаушылар поездарына ілесіп жүруін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығы.
4. Алдағы семинарлық сабақтың сұрақтарына қысқаша жауап конспектісін жасау.
5. Хабарламаның тақырыбы:
 - «ҚКҚ және ҚТҚ көліктегі қоғамдық бөлімдердің қатысуы».Өзін өзі бақылау сұрақтары:
 - Көліктегі ПО-ң құқықтық жағдайы.
 - Көліктегі ПО-ң жүйесі және құрлымы.
 - Көлікте ҚКҚ және ҚТҚ ерекшеліктері.

- Көліктегі ПО-ң функциялары және міндеттері.
 - Көліктегі ПО- қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері.
6. Сабаққа арналған дидактикалық материалдары (дәріс, семинар, нормативтік актілер конспектілері). Тестілік тапсырмаларды шешуге дайын болу.

Әдебиеттер: 2, 3, 4, 5, 7, 9, 10, 11, 12, 14, 17, 20, 22, 25, 33, 36, 41, 43, 46, 51, 57, 60, 64, 66, 71, 72,73,74,75.

20 тақырып. Мамандандырылған мемлекеттік күзет қызметінің қызметін ұйымдастыру.

Семинарлық – 1 сағат

(сұрау-жауап нысаны, талқылау)

Жоспар

1. ПО мемлекеттік мамандандырылған күзет қызметінің функциялары, міндеттері және құқықтық жағдайы.

2. Мемлекеттік мамандандырылған күзет қызметінің ұйымдық құрылымы. Оның бөліністерінің және аппараттарының жүйесі мен құрылымы.

Тәжірибелік – 1 сағат

(сұрау-жауап нысаны, талқылау)

Жоспар

Бақылау сұрақтары:

1. Күзетілетін объектілерде ПО мемлекеттік мамандандырылған күзет қызметінің қызметкерлерімен қоғамдық қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз етуді ұйымдастыру

2. Күзетілетін объектілерде ПО мемлекеттік мамандандырылған күзет қызметінің қызметететін нарядтардың түрлері және қоғамдық қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті қорғау бойынша олардың міндеттері

№ 1 Есеп.

Кезекші бөлімге Ерубәев көшесінде орналасқан Азат сауда үйінде күзету дабылы қосылғаны туралы ақпарат түсті. ПО мамандандырылған күзет қызметінің наряды көрсетілген орынға келіп, сыртынан қарап кіретін есіктің құлпы сынғанын анықтады, олар Азат СҮ қожайындарын күтпей ішіне кірген. Оның ішінде ешкім жоқтығына көздері жетіп далаға шыққан. Сол уақытта Азат СҮ қожайындары орынға жеткен, полиция наряды болған жағдайды түсіндіріп өздерінің бөліністеріне кетіп қалған.

Ертеңінде Азат СҮ қожайындары Қарағанды қ. мамандандырылған күзет қызметінің бастығына, қарамағындағы қызметкерлер заттарын ұралады деп арызданды.

Тапсырма:

1. Жағдайға талдау жасаңыз.
2. ПО мамандандырылған күзет қызметінің кезекші нарядының күзетілетін объектіден дабыл түскенде көңіл бөлу тәртібі қандай?
3. Олардың құқықтары мен міндеттерін атаңыз.
4. ПО мамандандырылған күзет қызметінің кезекші наряды өз еркімен Азат СҮ кіргені заңды ма?
5. Болған жағдайда олардың әрекеттерінің тәртібі қандай?
6. Қарағанды қ. мамандандырылған күзет қызметінің бастығы, Азат СҮ оның қарамағындағы қызметкерлер заттарды ұралады деген арызбен не істеуі керек?

КООЖ – 1 сағат

Жоспар

1. Қоғамдық және мемлекеттік құрылымдармен ПО мамандандырылған күзет қызметінің өзара әрекеттестігінің тәртібі.
2. Келісім шарт негізінде ҚР ПМ мамандандырылған күзет қызметінің күзетуіне мүліктерді алу тәртібі.
3. ҚР ПМ мамандандырылған күзет қызметінің күзетудің техникалық құралдарын қолдану.

КӨЖ – 4 сағат

Курсант өздік жұмыс барысында орындау керек.

1. Осы пән бойынша негізгі оқу әдебиеттерін оқу.
2. Қосымша әдебиеттермен және тәжірибелік органдардың тиімді тәжірибесімен танысу.
3. Қысқаша конспект жасау:
 - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 3 қазандағы N 2483 Заңы
4. Алдағы семинарлық және тәжірибелік сабақтардың сұрақтарына қысқаша жауап конспектісін жасау.
5. Хабарламаның тақырыбы:
«Заңды тұлғалардың мүліктерін күзету бойынша ПО мамандандырылған күзет қызметінің жұмысы».
Өзін өзі бақылау сұрақтары:
 1. ПО мемлекеттік мамандандырылған күзет қызметінің құрылымы мен жүйесі.
 2. ПО мемлекеттік мамандандырылған күзет қызметінің функциялары мен міндеттері.

3. ПО мемлекеттік мамандандырылған күзет қызметінің қызметкерлерінің міндеттері мен құқықтары.

4. Күзетілетін объектілердің аумағындағы зонада ҚТҚ қамтамасыз ету тәртібі.

6.Сабаққа арналған дидактикалық материалдары (дәріс, семинар, нормативтік актілер конспектілері). Тестілік тапсырмаларды шешуге дайынболу.

Әдебиеттер: 2, 3, 4, 5, 7, 10, 14, 16, 19, 25, 37, 38, 41, 42, 47, 62,63, 69,71, 72, 73, 74, 75.

3.9. Пәнді оқыту бойынша әдістемелік ұсыным

Осы пәнді зерделеу кезінде келесі сабақтардың түрлерін өткізу ұсынылады: семинардың аралас нысаны, тақырыптық семинар, сұқбат-семинар, рефераттық семинар, тәжірибелік сабақты өткізудің ойындық әдісі, ПО аумақтық бөліністерінде тәжірибелік сабақтарды өткізу.

Дәріс сабақтары ПО әкімшілік қызметінің теориялық қиын сәттеріне және мәселелеріне ерекше көңіл бөледі және барлық бағдарламалық материалдарды толық қамту мақсатын көздемейді, кейбір жағдайларда тақырыпты өзі зерделеуге курсанттарды жалпы бағыттайды.

Ең ықтимал ақпараттық-кең және кәсіби маңызды мәселелер бойынша өткізілетін семинарлық сабақтардың мақсаты болып табылады: дәрістерде және әдебиеттерді өзіндік зерделеу кезінде алған теориялық білімдерінің бекітілуін, тереңдетілуін және меңгеруін тексеру.

Тәжірибелік сабақ ПО құрлымдық бөліністерінің қызметін ұйымдастыру дағдысын, айқын біліктілігін тудыруды, теориялық білімді бекітуді мақсат етіп соны көздейді. Осы сабақтар әр курсант жеке тапсырма бойынша ынтамен зер салып барынша ойлап жұмыс істеу үшін және логикалық, нормативтің талдау, іскерлік ойын, топтасқан жаттығулар, әр қайсысын жекелеп бағалау үшін құрылған.

Тәжірибелік сабақтарды өткізу кезінде ПО бөліністерінің қызметін ұйымдастырудың толасыз сюжеттерінің қиындығын өсіру бойынша ретілігінің талаптары ескерілген.

Семинарлық және тәжірибелік сабақтарға дайындалу кезінде әр тақырып бойынша әдебиеттерді міндетті түрде конспетілеу және көрсетілген оқу сұрақтарын теориялық меңгеру бойынша ұсыныстарды ескерген жөн.

Өзіндік сабақтың үш түрі қарастырылған:өзіндік дайындық, шығармашылық рефераттық жұмыс және оқытушының басшылығымен аудиториялық сабақтар, олардың спецификасы тақырыптар бойынша ұсыныстарды және әдістемелік нұсқаулықтарды көрсетілген.Әр тақырып бойынша материалдарды тереңдетіп меңгеру үшін ішкі істер органдарының қызметтерінің және бөліністерінің қызметін ұйымдастыруды реттейтін ҚР

ПМ бұйрықратын және нормативтік-құқықтық актілерді міндетті түрде конспетілеу қарастырылған,

Рефераттық жұмыстардың тақырыптары үшін жұмыстардың тақырыбы ұсынылады, ол өткен тақырыптың соңында курсанттардың арасында бөлінеді, ғылыми-зерттеу үрдісінде элементтерді қолдануды талап етеді.

Курсанттар сабақтарға жүйелі өзіндік дайындыққа ерекше көңіл бөлу керек. Бұл үшін тақырып бойынша бағдарламамен дәрісте алған ақпаратты салыстыру және ұсынылған әдебиеттердің тізімен бағытқа ала отырып материалды өзіндік зерделеу көлемін анықтау керек.

Курсанттар оқу және арнайы сипаттағы әдебиеттермен өзіндің жұмыс істеуді білуі керек, оларды қызықтыратын мәселелерді табып оларды шешуді білу керек. Курсанттың әдебиетпен өзіндің дайындық үрдісінде оларға ең алдымен негізгі, сосын қосымша әдебиеттерді зерделеу керек.

Тиісті тақырып бойынша кешенді білім алу үшін курсант ұсынылған ғылыми мақалаларды және аналитикалық материалдарды зерделеу керек. Ұсынылған нормативтік құқықтық актілерді зерделеу міндетті болып табылады. Содан соң оқытушымен дәрісте ұсынылған теориялық материалды курсант толық көлемде елестетеалады, бекітеді және жинақтайалады. Қосымша заң әдебиеттерімен жұмыс тындышының түйсіксіз белсенділігін жетілдіруге, оқу-танымдық әрекетін құрастыруға себеп болады

Тақырыпты өзіндік зерделеу конспетісін жүргізген жөн, ол дәріс конспетісін тоолқтыру және логикалық ұсыныс болуы мүмкін.

Білімді меңгеруді табысты бақылауды құралы болып табылады: ауызша сұрау, тестілік тапсырмаларды шешу, ситуациялық жағдайларды шешу, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге қатысу және т.б.

1.10. Курстық және тәжірибелік жұмыстарды орындау бойынша нұсқаулық пен әдістемелік ұсыным;

Тәжірибелік (семинарлық) және лабораториялық сабақтар (лабораториялық тәжірибе) сабақтары тақырыптарының үлгілік тізімі.

1. Қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша УПИ қызметі.

2. Қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы.

3. ПО әкімшілік қызметінің нысандары мен әдістері.

4. Полиция қызметкерлерінің дене күшін, арнайы құралдар мен атыс қаруын қолдануының құқықтық негізі мен негіздемесі.

5. Қылмыс жасаған сезіктілерді күзету, ұстау және айдауылдау бойынша полицияның қызметі. Уақытша ұстау изоляторының қызметін ұйымдастыру.

6. Есірткі заттардың заңсыз айналымында құқық бұзушылықтарды алдын алу бойынша ішкі істер органдар қызметінің құқықтық негіздері.

7. Ішкі істер органдары қабылдау-тарату орындарының құқықтық жағдайы және олардың қызметін ұйымдастыру.
8. Теміржол көлігінде қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша ПО-ның қызметтері мен бөліністерінің өзара әрекет етуі.
9. ПО әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша дәлелдеуі.
10. ПО-ның кадр аппараттарының қызметін ұйымдастыру мәселелері.
11. Учаскелік полиция инспекторы жүзеге асыратын жеке профилактика.
12. Азаматтық қарудың заңсыз айналымымен байланысты құқық бұзушылықтардың алдын алу.
13. ҚР ПМ күзетінің мемлекеттік қызметі.
14. Қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ПО қоғаммен қарым қатынасы
15. Бұқаралық іс-шараларды өткізу кезінде ПО қызметін ұйымдастыру.
16. Полиция қызметкерлерінің атыс қаруын әкімшілік-құқықтық бұлтарпау шарасы ретінде қолдануы және пайдалануы.
17. ПО-ның лицензиялық-рұқсат беру жүйесі бөліністерінің қызметін ұйымдастыру.
18. Кәмелетке толмағандар арасындағы маскүнемдік пен нашакорлықтың алдын алу мәселелері.
19. ПО-ның кадр қызметі.
20. Қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ішкі істер органдарының ұйымдастырушылық қызметі
21. ПО-ның шетелдіктер және азаматтығы жоқ тұлғалар жасайтын құқық бұзушылықтарды алдын алуы.
22. Қазақстан Республикасы ПО-ң ұйымдық құрлымы және құқықтық негіздері
23. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты ескерту бойынша ПО қызметі.
24. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету аясындағы мемлекеттік басқару және оны жетілдіру жолдары
25. ПО-ның ұсақ бұзақылықтың алдын алу мен ескерту бойынша қызметі.
26. Қазақстан Республикасының ПО қызмет өткеру.
27. Қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша патрульдік-бекеттік қызметті ұйымдастыру
28. Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын алуда әкімшілік-құқықтық нормалардың орны мен рөлі.
29. ПО – ның көлік объектілерінде қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті қорғау бойынша қызметі.
30. Қоғамдық тәртіпке және қоғамдық қауіпсіздікке қол сұғатын құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша ПО қызметін ұйымдастыру.

3.11. Өзіндік бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. Оқиға болған жерге полиция наряды қанша уақытта бару қажет:

- жағдай болғанша жылдам
- 1 сағатта
- 3 минутта
- 5 минутта
- 7 минутта

2. Патрульдік полиция нарядының қызмет атқару уақытының ұзақтығы:

- 8 сағат
- 10 сағат
- 7 сағат
- ауа райына байланысты
- ІІ бастығының бұйрығы шыққанға дейін

3. Бекет дегеніміз

- жедел жағдайды әлсіреу аудан аймағы
- полиция қызметкерлері қоғамдық қауіпсіздікті сақтау шараларын жүргізу орыны мен аймағы
- полицияның арнайы операция жүргізетін аймағы
- полиция наряды орналасқан патрульдік аймақ
- бірнеше полиция наряды орналасқан аймағы

4. Патрульді-бекеттік қызметті атқаруға қатысатын полицияның кешенді күштеріне жатады:

- негізгі және жалпы
- негізгі және арнайы
- негізгі және қосалқы
- негізгі және жедел
- жалпы және арнайыландырылған

5. Патрульді-бекеттік қызметін атқару туралы нұсқаулығы анықтайды:

- ҚР ІІМ арнаулы мекемелері қызметін ұйымдастыру тәртібін және басқару негіздерін
- ҚР ІІМ күзету бөлімшелерінің міндеттері және функцияларын
- қылмыстарды анықтау нысандары мен әдістерін
- жол аппаратдың алдын алу негіздерін
- қоғамдық тәртіпті сақтау жөнінде патрульді-бекеттік қызмет атқаруды ұйымдастыру тәртібі мен басқару негіздерін, міндеттерін

6. ПО Уақытша ұстау изоляторының тағайындалуы

- Қылмыс жасаған сезіктелерді ұстау үшін
- Қылмыстық істер бойынша қамауға алу бұлтартпау шарасы таңдалғандарды ұстау үшін
- Сот органдарының қамауға алу шешімдері, үкімдері бойынша ұстау үшін
- Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды ұстау үшін

- Әкімшілік жолмен ұсталғандарды ұстау үшін

7. Сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстау орындары:

- ҚР ПМ қылмыстық-атқару жүйесі мен ұлттық қауіпсіздік

органдарының тергеу изоляторлары

-ҚР ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарының уақытша ұстау изоляторлары

- ҚР ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік және кеден органдарының, қаржы полициясының уақытша ұстау изоляторлары

- ҚР ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарының арнайы қабылдағыштары

- ҚР ішкі істер, кеден органдарының, қаржы полициясының және прокуратураның уақытша ұстау изоляторлары

8. Шетелдік азамат айыпталушы немесе сезікті ретінде қамауға алынған кезде қандай уәкілетті органға хабарлама жіберіледі

- ҚР Бас прокуратурасына

- Сыртқы істер министрлігіне

- Ұлттық қауіпсіздік комитетіне

- Шетелдік азаматтың мемлекеттік елшілігіне, консулдығына

- ҚР Парламентіне

9. Жаяу алып жүру тәртібімен сезіктілер мен айыпталушыларды айдауылдауға тыйым салынады

- жолаушылар қалаларда және басқа да елді мекендерде платформалары (пристандар) бойынша

- жолаушыларды поездарға (кемелерге) отырғызу және түсіру кезінде

- вокзал үй-жайлары және басқа да азаматтар жиналатын орындар арқылы

- сот отырыстарына және жергілікті ішкі істер органдарына тергеу әрекеттерін жүзеге асыруға

- бас бостандығынан айыру орындарына жіберу кезінде

10. Сезіктілер мен айыпталушыларды елді мекендер арасында жаяу алып жүру тәртібімен және ат көлікпен айдауылдауға жол беріледі

- басқа көлік түрінің қозғалысы болмағанда

- айыпталушының және сезіктінің қашуға ниеті жоқ болғанда

- асу ауыр емес қылмыс үшін айыпталушы ретінде ұсталғанда

- кәмелетке толмаған адамдарды басқа көлік түрінің қозғалысы болмағанда

- аса ауыр емес қылмыс жасаған бір адамды айдауылдағанда

11. Полиция учаскелік инспекторы бас бостандығынан айыру орнынан босатылған адамның тұрмыстық орналасу мүмкіндігі туралы түзеу мекемесі орындарына қанша мерзімде жауабын жіберу керек:

- 3 күн ішінде

- 10 күн ішінде

- 15 күн ішінде

- апталық мерзімде

- айлық мерзімде

12. Полицияның учаскелік пунктінде құпиялы құжаттарды сақтауға болады ма:

- тыйым салынады
- рұқсат етіледі
- секретариат бастығын ескертумен рұқсат етіледі
- ІД бастығының рұқсатымен
- аумақтық ІО бастығының рұқсатымен

13. Әкімшілік учаскесінің паспортында не көрсетіледі:

- іздеуде жүрген тұлғалар туралы ақпарат
- қалада болған қылмыс туралы ақпарат
- әкімшілік учаскенің әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және басқа да ерекшеліктерін, құқықтық тәртіптің жай-күйін сипаттайтын мәліметтер

- полиция учаскелік пунктіне жеткізілген адамдар туралы ақпарат
- есепте тұлғалар туралы ақпарат

14. УПИ көмекшісі әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер мен материалдар бойынша процессуалдық шешімдерді дербес қабылдауға құқылы ма

- құқылы емес
- құқылы
- УПИ тапсырмасы бойынша құқылы
- ІО бастығының рұқсаты бойынша құқылы
- ІД бастығының бұйрығына сәйкес құқылы

15. Учаскелік инспектордың және оның көмекшісінің жұмыс режимін кім бекітеді.

- қалалық, аудандық органның бастығы
- ІД бастығы
- қалалық, аудандық органның бастығының қызмет жөніндегі орынбасары
- облыс әкімі
- ҚР Үкіметі

16. Көлік объектілерінде құқық бұзушылықтар жасаған кәмелетке толмағандар есепке алынады.

- тұрғылықты жері бойынша КТІБ-де
- құқық бұзушылық жасаған жері бойынша
- оқу орыны бойынша
- тұрғылықты жері бойынша КТІБ-де және құқық бұзушылық жасаған жері бойынша
- тіркелу жері бойынша

17. КТІЖ учаскелік инспектордың азаматтарды қабылдау кестесін бекітеді.

- ҚАІО және көліктегі ішкі істер органының бастығы
- ҚАІО бастығының қызмет жөніндегі орынбасары

- ҚАПО және көліктегі ішкі істер органының штаб бастығы
- ҚАПО және көліктегі ішкі істер органының әкімшілік полиция бөлімінің бастығы

- ҚАПО және көліктегі ішкі істер органының кезекші бөлім бастығы

18. КТІЖ УПИ кәмелетке толмағандарды КТБО-ға орналастыру үшін қандай құжат шығарады

- қаулы шығарады
- акт шығарады
- хаттама шығырады
- анықтама шығарады
- ұйғарым

19. КТІЖ УПИ адасып кеткен немесе тастанды баланы жеткізу туралы қандай құжат жасайды.

- акт
- хаттама
- қаулы
- ұйғарым
- анықтама

20. Адасып кеткен балаға қатысты оны тауып алған сәттен бастап қанша сағат өткеннен кейін акт жасалады

- 3 сағат
- 2 сағат
- 1 сағат
- 4 сағат
- 8 сағат

21. Көшіп-келушілер мен азаматтығы жоқ адамдардың паспорттарын ҚР Мемлекеттік шекарасынан өткеннен кейін күнтізбелік неше күн ішінде тіркеледі

- бес күн ішінде
- он күн ішінде
- үш күн ішінде
- төрт күн ішінде
- екі күн ішінде

22. Уақытша тұру үшін келген көшіп-келушілерді тіркеу кезінде көші-қон полициясы бөліністері ПО қандай қызметкеріне хабарлайды

- УПИ
- криминалдық полиция қызметкерлеріне
- тергеушіге
- кезекші бөлімге
- штаб бөлімшесіне

23. Көшіп-келушілердің паспорттарын тіркеуді есепке алу қандай бірыңғай ақпараттық жүйеде жүргізіледі

- Бүркіт
- Арлан

- Сұңқар
- Қыран
- Арыстан

24. Білім алу мақсатымен келген көшіп-келушілердің паспорттары қанша мерзімге тіркеледі

- оқу жылына
- бір жылға
- төрт жылға
- жарты жылға
- үш айға

25. Кеден одағына мүше мемлекеттердің азаматтарын қанша тәуліктен аспайтын мерзімге тіркейді

- тоқсан тәулік
- алпыс тәулік
- отыз таулік
- қырық тәулік
- елу тәулік

Азаматтық қару бөлінеді

- спорттық қару
- өзін өзі қорғау қару
- аңшылық қару
- белгі беретін қару
- кәсіби қару

26. Қызметтік қаруға жатады

- қысқа ұңғылы тегіс атыс қару
- ойық ұңғылы атыс қару
- ұзын ұңғылы тегіс атыс қару
- ойық ұңғылы атыс қару
- аралас (ойық және тегіс ұңғылы) атыс қару

27. ҚР аумағында азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары ретіндегі айналымға тыйым салынады олар:

- оқты түйдектете атуға мүмкіндік беретін азаматтық атыс қаруы
- түрі басқа заттарға ұқсайтын атыс қаруы
- бронь бұзғыш, тұтандырғыш немесе жарғыш күші бар, салмақ түсу нүктесі өзгеретін оқты патрондар
- зақымдағыш әсері электр қуатын, радиоактивті сәулелерді және биологиялық факторларды пайдалануға негізделген қару және өзге де заттар
- тегіс ұңғылы, оның ішінде ойық бөлігінің ұзындығы 140 миллиметрден аспайтын атыс қару

28. Лицензия беруден немесе оның қолданылу мерзімін ұзартудан бас тарту негіздері:

- өтініш берушінің қажетті мәліметтерді бермеуі не оның теріс мәліметтер беруі

-қару өндірудің қауіпсіздігі жағдайларын, қаруды есепке алу мен оның сақталуын қамтамасыз етудің мүмкін еместігі не осы жағдайлардың қамтамасыз етілмеуі

-Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген басқа да негіздер

- тұрғылықты мекен жайын ауыстыруына байланысты

- жол қозғалыс ережесін бұзғаны үшін әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша жауапкершілікке тартылса.

29. Қару пайдаланушылардың құқықтары

-қаруды ҚР заңдарында белгіленген жағдайлар мен тәртіп бойынша пайдалануға

- қаруды арналған мақсатына сәйкес пайдалануға

- қару мен оның патрондарын тасымалдаудың белгіленген тәртібін сақтауға

- пайдаланылып жүрген қару мен оның патрондарының сақталуын қамтамасыз етуге

- қару мен оның патрондарын пайдалану кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтауға

30.Көлік объектілерінде қызмет атқаратын патрульдік нарядтар білуі тиіс

- теміржол учаскесі

- жақын орналасқан нарядтардың орналасуын

- жолаушыларды тасымалдау ережелерін

- жасалған құқық бұзушылықтардың санын

- жасалған қылмыстардың санын

Білімді бағалау өлшемдері:

Тыңдаушылардың білімін бағалау семестр бойынша пайыздық мазмұнда ағымдық, рейтингтік және қорытынды бағалау кезінде өткізіледі.

Ағымдық бағалау - курсанттардың білімін семинар сабағы мен КОӨЖ, КӨЖ тапсырмаларын орындауын кезінде жүзеге асырылатын жүйелі қадағалау.

Рейтингтік бақылау - коллоквиум немесе тестілік сұраулар түрінде білімдерін тексеру. Рейтингтік бақылауға ағамдық бағылаудың барлық нысандарын орындап, оң бағаланған тыңдаушылар жіберіледі.

Семестрлік рейтинг ағымдық, рейтингтік бақылауда 60 пайыздық көрсеткішпен анықталады.

Семестрде екі рет аттестация өткізіледі.

Пән бойынша қорытынды бағалау (емтихан) компьютерлік тестілеу нысанында өткізіледі. Курсант емтиханда 50 пайыз көрсеткіш алуы керек.

Пән бойынша қорытынды бағалау семестрлік рейтингідегі балл мен емтиханда (сынақта) алынған балл бойынша қойылады. Білуі керектігі, дағдысы, шеберлігі мына жүйе бойынша бағаланады:

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Баллдың сандық көрсеткіші	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлік жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	үздік
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D-	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	қанағаттанарлықсыз

3.12. Пән бойынша емтихан сұрақтары

1. «ПО Әкімшілік қызметі» курсының жүйесі, міндеттері және пәні.
2. Қоғамдық қауіпсіздіктің және қоғамдық тәртіптің мәні мен түсінігі.
3. Ішкі істерді басқарудың ерекшеліктері, түсінігі және мазмұны.
4. Ішкі істер органдарының (полицияның) әкімшілік қызметінің әдістерінің түрлері, түсінігі және саралануы.
5. ПО-ң (полицияның) әкімшілік қызметінің түрлері және олардың сипаты
6. ПО әкімшілік қызметінің (құқықтық және ұйымдық) нысандары.
7. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарында қызмет өткеру тәртібі, ерекшелігі, құқықтық реттелуі.
8. ҚР Ішкі істер органдарының кадр аппараттарының негізгі функциялары мен міндеттері.
9. Ішкі істер органдарының қызметкерлерінің жауапкершілігінің түрлері мен мадақтау шаралары. ПО (полицияның) қызметкерлерінің құқықтық-әлеуметтік қорғаудың кепілдігі.
10. ПО (полиция) қызметкерлерінің заңсыз әтекеттеріне шағымдану түрлері мен тәртібі.
11. Қазақстан Республикасының ІІМ құқықтық жағдайы. ҚР ІІМ құрлымы, функциялары мен міндеттері.
12. Ішкі істер органдарының ақпараттық-аналитикалық орталығының және ақпараттық техникалық қызметі басқармасының қызметін ұйымдастыру және міндеттері.
13. Қазақстан Республикасының ПО ЖБО және кезекші бөлімшелерінің міндеттері, функциялары мен құқықтық жағдайы.

14. ПО – ң штабтық аппараттарының құқықтық жағдайы, жүйесі, құрылымы.
15. ПО қызметінде қолданылатын әкімшілік ескерту сипаттағы шаралар.
16. Ішкі істер органдарының қызметкерлерімен қолданылатын әкімшілік
17. жазалау шаралары. Оларды салу тәртібі.
18. Ішкі істер органдарының қызметкерлерімен қолданылатын әкімшілік бұлтартпау шаралары.
19. ПО Әкімшілік юрисдикциялық қызмет: түсінігі, мәні, ерекшелігі.
20. ПО қызметкерлерімен қолданылатын әкімшілік іс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары.
21. Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінде заңдылықтың мәні, түсінігі және оны күшейтудің негізгі бағыттары. Оны қамтамасыз ету тәсілдері.
22. Бас бостандығынан айыру орындарынан бастыланған адамдарға әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру, орнату тәртібі және негізі.
23. ПО қызметкерлерімен медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануды ұйымдастыру, тәртібі және құқықтық негіздері.
24. Полицияның жол-патрульдік қызметі. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудегі оның рөлі.
25. Әкімшілік полиция қызметі: негізгі міндеттері, функциялары және ұйымдық құрылымы.
26. 25 Қамауға алынғандар мен ұсталған адамдарды күзету, ұстау, айдауылдау бойынша полицияның бөліністерінің қызметі.
27. Қылмыстармен және құқық бұзушылықтармен күресуде ПО қоғаммен қарым-қатынасының негізгі нысандары.
28. Бекітілген әкімшілік учаскеде учаскелік полиция инспекторларымен және олардың көмекшілерімен қоғамдық тәртіпті қорғауды ұйымдастыру.
29. Қаржы және сауда саласындағы құқық бұзушылықтармен күресудің әкімшілік-құқықтық шаралары.
30. Кәмелетке толмағандарды уақытша бейімдеу орталығының жұмысын ұйымдастыру.
31. Ішкі істер органдарының қызметтері мен бөліністерінің ұйымшарлықтың және насақорлықтың жолын кесу, алдын алу бойынша жұмысын ұйымдастыру.
32. Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың ҚР-на келу және кету, сондай-ақ болуы және Қазақстан Республикасының территориясынан транзиттік өту ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асыру жөніндегі ішкі істер органдарының функциясы.
33. Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі УПИ құқықтары және міндеттері.
34. Алкогольге қарсы заңнаманы бұзумен күресу жөніндегі ішкі істер органдарының функциялары мен міндеттері.
35. Лицензиялық-рұқсат ету жүйесін жүзеге асыру бойынша ішкі істер органдарының міндеттері, функциялары, құқықтық негіздері, және түсінігі,
36. Лицензиялық-рұқсат ету жүйесінің объектілерін бақылауды жүзеге

асыру бойынша ПО-ның жұмысын ұйымдастыру.

37.Қоғамдық тәртіпке және имандылыққа қол сұғатын құқық бұзушылықтармен ішкі істер органдарының күресінің әкімшілік-құқықтық тактикасы және ұйымдастыру.

38.Ішкі істер органдарының қоғамдық тәртіпті сақтаудағы кешенді жоспары және күштері мен құралдарын пайдалануы (бірыңғай дислокация жоспары).

39.Қазақстан Республикасының ІІМ-нің ӘПК жол полициясы басқармасының аппараттары мен бөліністерінің жүйесі мен құрылымы, оның міндеттері мен функциялары.

40.Қазақстан Республикасы ІІМ-нің жол патрульдік полициясының негізгі бағыттары және қызметін ұйымдастыру.

41.Әкімшілік жолмен қамауға алынған тұлғаларды ұстауға арналған арнайы қабылдағыштардың жұмыстарын ұйымдастыру.

42.Ішкі істер органдарының қабылдау-таратуының құқықтық жағдайы және қызметін ұйымдастыру.

43.Алкоголизмнің, нашақорлықтың және уытқұмарлықтың алдын алу бойынша ПО қызметі.

44.Эпидемия, эпизотия, апаттар, стихиялық жағдай және басқада төтенше жағдай кезінде қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз етуді ұйымдастыру.

45.Төтенше жағдай кезінде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті қорғау бойынша ПО міндеттері мен функциялары.

46.Жаппай тәртіпсіздіктер мен қоғамдық тәртіпті топтасып бұзудың алдын алу бойынша ішкі істер органдарының жұмысын ұйымдастыру.

47.Қазақстан Республикасы ПО мамандандырылған мемлекеттік күзет қызметінің бөліністерімен объектілерді күзетуді ұйымдастыру бойынша міндеттері, функциялары, құрылымы және жүйесі.

48.Төтенше жағдай мен стихиялық апаттар кезінде қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша учаскелік полиция инспекторларының функциялары, міндеттері, қызметінің құқықтық негізі.

49.Жаппай іс-шаралардың түрлері және олардың сипаты. Оларды өткізу кезінде ПО функциялары мен міндеттері.

50.Уақытша ұстау изоляторларының жұмысын ұйымдастыру.

51.ҚР ПО табиғатты қорғау және мал-дәрігерлік полициясының функциясы, міндеттері және құқықтық жағдайы.

52.Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бойынша ПО бөліністерінің функциясы, міндеттері және қызметінің құқықтық негізі. Олардың қызметін ұйымдастыру.

53.Полиция қызметкерлерімен арнаулы құралдар мен дене күшін қолданудың негізі, жағдайы және тәртібі.

54.Ішкі істер органдарының қызметкерлерімен атыс қаруын қолдануының тәртібі, негізі және мақсаты.

55.Кәмелетке толмағандармен жасалатын құқық бұзушылықтарды ПО бөліністерімен, қызметтерімен жолын кесу және алдын алу.

56.КІД міндеттері, функциялары және қызметінің құқықтық негізі. Көлік объектілерінде қоғамдық тәртіпті қорғауды және қауіпсіздікті қамтамасыз ету ерекшелігі.

57.ПО қызметінің принциптері, жүйесі, құрлымы және міндеттері.

58.Ішкі істер органдарының материалдық-техникалық қамтамасыз ету қызметі.

59.Кәмелетке толмағандардың құқығына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтарды ПО жолын кесу, алдын алу тактикасы және ұйымдастыру.

60.Құқық қорғау жүйесінде ішкі істер органдарының ролі мен орны. Олардың қарым-қатынастарының мәселелері.

3.13. Құрастырғандар:

кафедрасының профессоры, з.ғ.к., полиция полковнигі А.В. Карпекин.

кафедрасының аға оқытушысы полиция подполковнигі Е.Т. Қалықов.

кафедрасының оқытушысы полиция майоры Е.Ж. Тоқтабеков.

кафедрасының оқытушысы полиция майоры В.В. Олейник.